Бүгін Қызылордада Арал өңірін тұрақты дамыту жөніндегі халықаралық форум өз жұмысын бастайды. Форумның басты ұйымдастырушылары – Қызылорда облысының әкімдігі, «Астана» халықаралық ғылыми кешені және Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы Дирекциясы.

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

30 МАМЫР СЕЙСЕНБІ 2017 жыл №79 (19365)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ www.syrboyi.kz

АРАЛ ӨҢІРІ – ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА

Форумның серіктес ұйымдастырушылары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Энергетика министрлігі мен Білім және ғылым министрлігі.

Алқалы жиынның басты мақсаты – Арал өңіріндегі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша баршаның танымын арттыру, тұрақты дамудың ғаламдық мақсаттарына сәйкес Әлем жұртшылығының назарын оның өзекті мәселелеріне аудару болып табылады.

Форум жұмысына ҚР Орталық мемлекеттік атқарушы органдар басшылары, Орта Азия, Ресей, АҚШ, Италия, Швеция, Финляндия, Жапония, Корея, Белоруссия, Иран мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары және халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің басшылары: БҰҰ, ОБСЕ, Дүниежүзілік Банк, Қазақстандағы Еуропалық қайта құру және даму банкі, басқа да халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысады.

Арал теңізі өңірінің дамуына арналған инвестициялық және гранттық жобаларды жүзеге асыруға халықаралық ұйымдар мен бизнес құрылымдарының қызығушылықтары артады деп күтілуде. Форум шеңберінде Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар Ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылатын болады.

2-бет

● ФОРУМ

ТАҒДЫРҒА МОЙЫМАҒАНДАР ТАЛАЙҒА ҮЛГІ

Кеше «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры облыс әкімдігінің қолдауымен Қызылордада мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерге арнап «Өзгерістерге ұмтылыс» форумын ұйымдастырды.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев тағдыр тауқыметіне мойымаған жандарды аяқ-қолы бүтін бола тұра, масылдықтан арыла алмай жүргендерге үлгі етті. Олардың қайсар рухына бас иді. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қамқорлық жасау – әлеуметтік саладағы басты міндеттердің бірі. Осы орайда оларды белсенді тірлікке тарту, жұмыспен қамтуға қатысты шаралар арнасы кеңейді.

– Мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында жүйелі жұмыс жалғасып келеді. Наурыз айында 2017-2018 жылдарға арналған мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі жол картасын бекіттік. Оны жүзеге асыру үшін 9 млрд теңге бөлініп отыр. 2013-2016 жылдар аралығында мүмкіндігі шектеулі 2 379 адам жұмыспен қамтылса, биыл 4 айда бұл көрсеткіш 201-ді құрады, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде облыста мүмкіндігі шектеулі 28 мыңнан астам адам бар. Олар үшін қандай да бір кедергі болмауы тиіс. Соңғы 3 жылда 345 жол белгісі мен сілтегіш орнатылып, жаяу жүргіншілер өтетін 84 жол дыбыстау және жарық беру құрылғысымен жабдықталды. Биыл да осы жұмысты жалғастыруға қаражат бөлінді. Мүгедектердің көлік инфрақұрылым нысандарына кедергісіз қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында барлық ауданда, Қызылорда қаласында «Әлеуметтік такси» қызметі ұйымдастырылды. 2014 жылдан бастап облыс орталығында арнайы аппарельдермен жабдықталған 112 автобус арбалы мүгедектерге қызмет көрсетіп жүр.

Қазіргі күні облыста кәсіпкерлікті қолдаудың «Бизнестің жол картасы-2020», «Даму-Аймақтар», «Микробизнес-Қызылорда» сияқты үкіметтік және аймақтық бағдарламалары оң нәтиже бере бастады. Биыл «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бекітілді. 2013 жылдан бастап мүмкіндігі шектеулі жандардың бизнес-жобаларын бастауға мемлекеттік грант бөлу, несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, ішінара кепілдендіру, жеңілдетілген пайыздық мөлшерлемемен шағын несие беру сияқты мемлекеттік қолдау көрсетіледі. «Даму» қорының басқарма төрағасы Абай Сарқұлов форумды өткізудегі мақсат – тағдырдың қаталдығына мойынсұнбаған табысты кәсіпкерлерді дәріптеу, олардың өз ісін дамытуына қолайлы жағдай жасау екенін жеткізді.

Қор мүмкіндігі шектеулі жандар арасында кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға бағытталған жобаларды жүзеге асырып келеді. «Даму-Көмек» жобасы басталғалы бері 170 мүгедек қолдау тапты. «Казкоммерцбанк» АҚ-ның «Құс Жолы» корпоративті қайырымдылық қорымен бірлескен «Жұлдыздарға қара» – «Посмотри на звезды» жобасы аясында 2012 жылдан бастап осы санаттағы кәсіпкерлерге құны 4,9 млн теңге болатын 30 грант бөлінді. Өткен жылы «Мүмкіндігі шектеулі әйелдердің кәсіпкерлік қабілетін дамыту» бағдарламасы бойынша 20 әйел арнайы курстардан өтті. «Даму-Аймақтар» бағдарламасы негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті аймақтық қаржыландыру үшін 1,4 млрд теңгеге келісім жасалды. Соған байланысты сырбойылық кәсіпкерлер бес жылға 8,5 пайызбен жеңілдетілген несие ала алады.

Облыс әкімі форум барысында мемлекеттік бағдарламалар мен «Даму» қорының жобаларына қатысып, жобаларын сәтті жүзеге асырған кәсіпкерлерге алғыс хаттар табыстады. Сондай-ақ, «Даму-Көмек» жобасы бойынша демеушілік көмек берілді. Табысты кәсіпкерлер мен форум қатысушылары қызмет көрсету мен тауар сатып алуға тегін сертификаттарға ие болды. Мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлер өздері дайындаған бұйымдар көрмесін көпшілік назарына ұсынды. «Қызылорда еріктілері» қорының мүшелері «Ерекше би» жобасымен қонақтарды тамсандырды. Бишілер құрамының тең жартысы – арбаға таңылғандар.

Форумның екінші бөлімінде ақпараттық-түсіндірме семинары, «дөңгелек үстел» ұйымдастырылып, тілек білдірушілер табысты кәсіпкер Бақыт Жұмашевтан шеберлік дәрісін алды.

Назерке САНИЯЗОВА.

ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ – ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ

Елбасы шешімімен 1997 жылдан бастап «31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» болып ресми бекітілген. Мемлекет басшысының қолдауы арқасында саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін тарих бетінде мәңгілік қалдыру мақсатында өте ауқымды шаралар қолға алынуда. Оларға арнап тұрғызылған ескерткіштер, олардың жатқан жерлерін іздестіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл тұрғыда Елбасы «Саяси қуғынға ұшырағандарды еске алу күнінде: «Біздің мақсатымыз – жау іздеу емес, болған қасіретті ұмытпау, нақты тарихты білу, оны жазып қалдыру және біздің тұқым-жұрағаттарымыз білу үшін еске алып отыру» деген болатын.

Осы ретте Қызылорда облысында тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық форумы кең көлемді қамтығалы тұр. Оны ұйымдастырушылар: Қазақстан халқы Ассамблеясы, ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі және Қызылорда облысының әкімдігі.

Мамыр айының 29-31 күндеріне есептелген шараның алғашқы сәтінде аймақтағы барлық ЖОО, колледж бен кәсіпорын базасында бейбітшілік сабағы жүреді. Сабаққа Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қазақстан Республикасы Президенті архиві, ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі, еліміздің және Түркияның іргелі жоғары оқу орны өкілдері, ғалымдар қатысады, лекция оқылады. Мұнан соң Н.Ілиясов атындағы ауылда Қызылорда облыстық Қоғамдық келісім кеңесінің көшпелі отырысы өтеді. «Теңдессіз сый» акциясымен облыстық кітапханаға кітаптар топтамасын тарту жасайды. «История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012)» хрестоматиясының таныстырылымы өтеді.

«Қайырымды ел» акциясымен Талсуат ауылындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қайырымдылық шарасы ұйымдастырылады.

Өз кезегінде «Жібек жолы» сауда-сауықтыру орталығының кинозалында «Алжир» фильмінің көрсетілімі жүреді.

Арай ауданындағы жаңарған ескерткіш жанында таңертеңгі сағат 9.00-де 31 мамыр күні Саяси қуғын сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған митингі өтеді. Мұнан кейін Студенттер сарайында «Тар жол тайғақ кешу» атты тарихи-деректі көрмесі ұйымдастырылады. Ал, сағат 10.30-да «Тарихи жады және тағылым – рухани жаңғырудың негізі» ғылыми-практикалық конференция жұмысы басталады. Конференция аясында пленарлық және секциялық мәжілістер өтеді. Соңынан өңірлердегі Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығы меңгерушілерінің отырысына жалғасады.

3-бет

● ҚАБЫЛДАУ

ЕЛДЕСТІРМЕК ЕЛШІДЕН

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Финляндия, Швеция елдерінің Қазақстандағы елшілері Илкка Райсанен және Христиан Камилді қабылдады. Кездесуде екі жақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру жайы сөз болды.

Қос мемлекет елшілерінің облысқа келудегі басты себебі – аймақтың даму қарқынымен танысу. Сондай-ақ, олар өзара дипломатиялық байланысты нығайтып, түрлі салаларда бірлескен шараларды жүзеге асыруға мүдделі.

– Біз Сыр өңірінде ауыл шаруашылығы саласының даму деңгейі жоғары екенін байқадық. Одан бөлек қала құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Маусым айында әлемдегі ірі ғарыш айлағының бірі – «Байқоңырды» көру үшін Швеция Парламентінің спикері, аэроғарыш агенттігінің төрағасы келеді деп жоспарлануда. Сол сапар барысында келіссөздер жүргізіледі, – дейді Швеция елшісі Христиан Камилл.

Сонымен бірге, ЭКСПО-2017 көрмесі аясында Финляндиядан Астанаға арнайы делегат келмек. Олар халықаралық шара барысында Сыр өңіріне де ат басын бұрады деп күтілуде. Аталған елдің Қазақстандағы елшісі Илкка Райсанен Қызылорда облысына деген қызығушылығы зор екенін, алдағы уақытта екі ел компаниялары арасында серіктестіктің күшейетіндігіне сенім білдірді.

Мәди ҚҰРМАНӘЛІ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

«Мен Аралға көмектессем деген арманыма жеткеніме қуаныштымын!»

Алғаш Арал теңізінің әлемдік деңгейдегі апат екенін ескеріп, дүниежүзілік қауымдастығының назарын аударған Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев болды. Осы орайда алдымен мына деректерді алға тартқымыз келеді.

Аралға 1960-1965 жылдар арасында 44 мың текше метр су құйылса, ал 1990 жылдары екі есеге қысқарды. Нәтижесінде, Арал теңізінің деңгейі 23 метрге дейін төмендеп, оның су айдыны 30-200 шақырымға дейін қусырылды. Судың тұздылығы 40 пайызға дейін артты. Оның үстіне екі өзен бойындағы шаруашылықтарда тыңайтқыштар мен химиялық препараттарды қолдану бұрын-соңды болмаған көрсеткішке жетті. Тыңайтқыштарды қолдану 10-15 есеге өскен. Осындай антропогендік факторлар Арал өңірін экологиялық апатқа ұшыратты. Құрғап қалған теңіз түбінен жыл сайын айналаға зияндылығы өте жоғары 2 млн тонна тұзды шаң көтеріліп, желмен тарай бастады.

1993 жылдың наурызында Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Қызылорда қаласында Арал проблемаларына арналған алғашқы Халықаралық конференция өтті. Жаңадан тәуелсіздік алған Орта Азия мемлекеттері – Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасының мемлекет басшыларының шешімімен мемлекетаралық координациялық су шаруашылығы комиссиясы құрылды. Конференцияда Халықаралық Аралды сақтап қалу қоры құрылып, оны Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев басқарды. Орта Азия мемлекеттерінде жаһандық экологиялық қордың Арал теңізі бассейнінде су ресурстары және қоршаған ортаны басқару ұлттық топтары жұмыс істей бастады. 1992 жылы 18 қаңтарда тәуелсіз Қазақстан елінің Жоғарғы Кеңесі «Арал аймағы тұрғындарының тұрмыстық жағдайларын түбегейлі жақсартудың бірінші кезектегі шаралары туралы» Жарлық қабылдады.

1994 жылы Аралмен шектесетін 5 ел президенттерінің келісімімен Солтүстік Аралды сақтап қалу туралы шешім қабылданды. Содан бері барлық жұмыс пен қаржы да осы мақсатқа жұмсалып келеді. 1996-1997 жылдары қордың бастамасымен Сырдарияның Арал теңізіне құятын Солтүстік бөлігіне бөгет салынды.

2005 жылдың 27 сәуірінде қасиетті Арал аймағын ұдайы назарда ұстаған Президентіміз ауданға арнайы іссапармен келді. Сәрсенбінің сәтіне дөп келген бұл күн – Арал тарихында айтулы күн, ұмытылмас сәт болды. Қамқоршысын ерекше ілтипатпен қарсы алған аралдықтар үшін Елбасы таза ауызсудың тұсаукесерін жасады. Президенттің дидарынан нұр шашып, судың дәмін татып, «ең таза ауызсу аралдықтарда» деп ағынан жарылды. Бұл дәлелденген шындық еді. Арал халқы бүгінде таза судың рахатын көріп отыр. Сол Елбасы таза судың алғашқы тұсауын кескен күнді мәңгі есте қалдыру үшін Аралдағы С.Сейфуллин көшесіне стелла орнатылды. Осыдан кейін Елбасы қаладағы орталық алаңға келіп,

Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай Ұлы Отан соғысынан оралмаған 6 мың аралдық боздақтарға арналып салынған «Тағзым» алаңының лентасын қиып, алғашқы гүл дестесін қойды. Орталық алаңға лық толған халық алдында сөз сөйледі. Бұл кезде САРАТС жобасының құрылысы қызу қарқынмен жүргізіліп, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсара түскен еді. Үміт оты маздап жанған кез. Тебіренген Президент «Мен Аралға көмектессем деген арманыма жеткеніме қуаныштымын!» деді халық алдында. Елбасының осы бір жүрекжарды сөзі халықтың жадында сақталып, тарихи сөз ретінде қаладағы үлкен кермеден орын тепті. Сапары барысында Елбасы Н.Назарбаев «Көкарал» бөгетінде болып, түс ауа Қамыстыбасқа келді. Сол күнгі жағалауды тынымсыз тепкілеген толқын, күнделікті түс ауа басталатын құм дауылы сол сәтте сап тиылып, аспан жарқырай ашылды. Ақжал толқын ойнаған көл беті де сәл тыныстап, айдын беті айнадай жарқырап шыға келді. Шыны керек, жиналғандардың бәрі бұл құбылысқа аңтаң қалды. Мемлекет басшысы көлдің осы бір тамаша көрінісіне ұзақ уақыт сүйсіне қарап отырып, әңгіме-дүкен құрды. Содан шығысымен байырғы ата кәсіптерін нәсіп етіп қайта қауышқан ағайынға деген ерекше ілтипаты болар, Елбасы балық өсіріп жатқан Қосжар питомнигіне ат басын тіреді.

Тарихқа сәл шегініс жасасақ, буыны бекімеген жас мемлекеттің басқа да қиындықтары көп болғанына қарамастан, халықты осынау қасіреттен құтқаруға белсене кірісуі үлкен ерлік еді. Соның нәтижесінде Кіші Аралды сақтап қалудың идеясы САРАТС жобасы дүниеге келді. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу» жобасына Қазақстан Дүниежүзілік Банкпен бірлесіп 86 млн АҚШ доллар бөлді. Жобаның алғашқы кезеңінде теңізді бөліп тұратын 14 шақырым «Көкарал» бөгеті тұрғызылып, «Ақлақ» су торпасы салынды. Сырдария өзенінің арнасы реттеліп, «Қараөзек», «Әйтек» торпалары қайта жаңғыртылды. Кіші Арал суы бұрынғы жағалауына жетіп, теңіз акваториясы бес есе ұлғайды. Аймақтың ауа райы өзгеріп, климаттық табиғи болмысы қалыптасты.

САРАТС жобасының екінші кезеңінің жүзеге асырылуы ол Кіші Аралды кемелдендіре түседі. Балық шаруашылығы одан әрі өркендеп, оны аулау көлемі 30 мың тоннаға жетеді деп болжануда. Қазір Арал балығы онға тарта мемлекетке экспорталып отыр. Бүгінгі таңда өңірде балық кәсіпшілігі кеңінен дамыды.

Ж.ӘЛМАХАН.

● ЭКОЛОГИЯ

Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бері тартыла бастаған Арал теңізінің құрғаған ұлтаны 6 миллион гектардан астам аумақты құрады. Тіршіліктің нышаны қалмаған тып-типыл аймақ тұздышөлейтті жерге айналды. Арал маңында ұшқан құс пен жүгірген аң кездеспейтін. Арал теңізі суының тартылып, бірнеше миллион гектар жерді тұз басып, шөлейтті жер аумағының көлемі көбейіп, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің көбейіп өсуіне кері әсерін тигізгені белгілі.

Сондықтан Аралдың кепкен табанын «өлі теңіз» деп атап кетті. Сор жапқан ұлтаннан 100 миллион тонна тұзды шаң ауаға тарады. Бұл құбылыс климаттың жайсыздануы мен жайылымды жерлердің тозуына әкеп соғады. Экологиялық ахуалды зерттеп-зерделеген ғалымдар теңіз тозаңын тек сексеуіл тежейді деп шешті. Қалыптасқан экологиялық ахуалға орай, теңіз табанында «Орманды сақтау және қорын молайту» жобасы іске асырылу басталды.

ТЕҢІЗ ТАБАНЫ ТОҒАЙҒА АЙНАЛДЫ

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдар ішінде, соңғы 25 жылда аумағы 6 млн гектар болатын Арал теңізінің құрғап қалған ұлтанында орман отырғызу жұмыстарын 156 мың гектарға жүргізген. Сонымен қатар, бұл жұмысқа халықаралық ұйымдардың қаржылары тартылды.

Қазіргі таңда құрғаған теңіз табанының 14530 гектарына сексеуіл тұқымы себілсе, ал 12 мың гектардан астам жерге сексеуіл көшеті отырғызылды.

2007 жылдан бастап облыста «Қазақстан Республикасында ормандарды сақтау және республиканың орманды жерлерін көбейту» жобасы іске асырылып, Арал теңізінің құрғаған ұлтанының 56 мың гектарына сексеуіл, сарысазан, жыңғыл егу жұмыстары жүргізілді.

Облыс аумағында Қазақстан, Дүниежүзілік банк және Ғаламдық экологиялық қоры арқылы қаржыландырылған «Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту» жобасы 2008 - 2014 жылдары жүзеге асырылды. Аталған жоба 2014 жылдың көктем айында аяқталды. Бүгінде сексеуіл, сарсазан тоғайлы алқаптары пайда болып, микроклимат жақсарып қалды. Жоба аясында, Арал теңізінің құрғап қалған ұлтанында 56,5 мың гектар жерлерге сексеуіл екпелері егіліп, қазіргі таңда экологиялық жағдайды жақсартуға оң ықпалын тигізуде.

Сонымен қатар, аталған жоба шеңберінде Қазалы ауданында 30 га жерге тамшылатып суғару әдісімен сексеуіл және түрлі ағаш көшеттерін өсіретін тұқымбақ ұйымдастырылды. Оның 17 гектарына сексеуіл көшеттерін өсіру, қалған 13 гектарына түрлі ағаштардың көшетін өсіру қаралған, қазіргі заманауи технологиямен жабдықталған ғылыми-зерттеу зертханасы мен тамшылатып суаруға қажетті барлық қондырғылар салынды. Қазіргі уақытта аталған тұқымбақ Алматы орман селекциялық орталығына қарайды.

Бұдан басқа 2004 жылы қараша айында бұрынғы облыстық орман және жануарлар дүниесін қорғау басқармасы, Өзбекстан Республикасы және Германия техникалық қоғамдастығы (GTZ) арасында үш жақты қол қойған меморандум. Аталған келісім бойынша Арал теңізінің құрғаған ұлтанына қалпына келтіру жобасын Қазақстан және Өзбекстан Республикаларының жерінде іске асыруға келісілген болатын.

Жобаны іске асыру мақсатында GTZ тарапынан 1-дана МТЗ-80 тракторы, егу, жерді айдау, қопару, арық салу механизмдерінің – 10 данасы алынып берілді. 2005 жылы 30 гектар жерге суармалы питомник ұйымдастырылды. Питомник басында 30-35 адам жататын үй соғылды. 2005-2006 жылдары осы жобаның шеңберінде 1200 гектар жерге сексеуіл көшеттері егілді, қалған көлемін егуге GTZ тарапынан қаржы бөлінбей, жоба тоқтап қалды.

Облыс әкімдігіне қарасты орман шаруашылығы мекемелері өз күштерімен ұлтанда жыл сайын 5 мың гектар сексеуіл егу жұмыстарын жүргізген болатын. Атап айтқанда, 2014 жылы облыстық бюджет қаржысы есебінен Арал теңізінің құрғаған ұлтанына сексеуіл егу жұмыстарын жүргізу көлемі 5000 мың гектарға ұлғайтылды 2013 жылы 2700 гектарға егілген болатын. Арал қаласының кіреберісіне 1,7 гектар, «Ақбай» елді мекен маңына 9 га жерге жасыл белдеу орналастырылды.

Әйтсе де, жоғарыда атқарылған шаралар Арал теңізінің 6 млн гектардан астам құрғап қалған ұлтанындағы шаң мен улы тұздарды тоқтатуға жеткіліксіз болып отыр. 2015 жылы 27 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) 2015 жылдан кейінгі даму кезеңіне арналған күн тәртібін қабылдау жөніндегі саммит барысында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Жойылып бара жатқан Арал теңізінің мәселесі біздің өңірге ғана емес, бүкіл әлемге қатер төндіреді. Теңіздің тартылуы салдарынан жыл сайын 75 миллион тоннаға дейін шаң мен улы тұзды жел көтеріп, оның тозаңы қазірдің өзінде Еуропа мен Антарктидадан табылып отыр. Дүниежүзілік банктің қолдауымен біз Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтірдік. Орталық Азия елдері бұл экологиялық проблемалармен күресу үшін көмек күтеді» - деп, атап айтқан болатын.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мамандарының берген мәліметі бойынша қазіргі таңда, Оңтүстік Корея республикасымен бірге Арал теңізінің құрғап қалған ұлтанында фитоорманмелиорациялық жұмыстарын атқару бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ҚАЙТА ТҮЛЕГЕН ҚАРАТЕРЕҢ

Ауылымызға Қаратерең деген атау 1927 жылы беріліпті. Зерделеген жанға маңайдағы Шевченко шығанағы, Көкарал сағымы, Қосарал, Терістүбек, Тастақ, тағы басқа да жер-су атаулары түрлі тарихтан сыр шертіп тұрғандай әсер қалдырады. Бұлардың қайқайсысы да Қаратерең халқына тыныс-тіршілік сыйлаған табиғат көздері. Қасиетті Арал теңізі тартылған сәттен осынау құтты қонысымыздың басынан ауыр сынақ, қиын жағдайды басынан кешіргенін жасыруға болмас. Тіршілік көзі балық аулау болған қабырғалы қауым талай қиындық көрді. Қалайда отбасын асыраудың қамымен Алматы, Қапшағай, Балхаш, Ырғыз асып күнкөріс жасады. Айлап, жылдап далада қона жатып, несібесін айыруға мәжбүр болды. Жетпісінші жылдардың орта шенінен Қаратеренде үдере көшу орын алды. Іргелі жұрт еліміздің түкпір-түкпіріне, облыс орталығына, көршілес Қазалы ауданына үкіметтік көмекпен қоныс аударды.

Кіші теңіз, «Көкарал» бөгеті, «Ақлақ» торпасы тәуелсіздік жылдарынан бастау алған жаңа атаулар десем артық емес. Бұл атаулар осындағы елдің әлеуметтік, экономикалық оңалуы, қарапайым тілмен жеткізсек қазанының қайнауының бейнесіндей.Елбасымыздың тікелей тапсырмасына сәйкес САРАТС жобасының алғашқы іс қағаздары рәсімделген сәт теңіз төскейіндегі жұртшылықтың жадында мәңгі сақталып қалғаны даусыз. Бұл Кіші теңізді қалпына келтіру, «Көкарал» бөгетін салу, Сырдария өзенінен «Ақлақ» торпасын жасау жобасы болатын. Торпаның маңызы Сырдария өзенінен келіп түскен суды 42 белгіде су деңгейін сақтап, артық суды ұлы теңізге жіберіп отыруға мүмкіншілік жасайды. Аймақтың зкологиялық ахуалын жақсартуға, халықтың әлеуметтік, экономикалық ахуалын оңалтуға септігін тигізіп, балық шаруашылығының өркендеуіне орасан зор үлес қосты. Дерекке көз тастайықшы.1995 жылы ауылда 192 түтін (Қаратеренде 1974 жылы 400 түтін болған) көшпей ата-бабасының қонысында қалып қойған еді.Қазіргі таңда ауылды 302 отбасы мекендейді. Негізінен балық аулаумен шұғылданады. Ауыл халқы «Сарбұлақтың» сапалы суымен қамтамасыз етілген. Мұнан бірнеше жыл бұрын 320 орындық заманауи үлгідегі мектеп ғимараты жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Мектеп жанында шағын орталық ашылды. Тастақтан бастауыш мектеп, көне Қаратереңнен бастауыш мектеп пен кітапхана салынса, ағымдағы жылы жаңа емхана ел игілігіне берілді. Оған қоса ауылда көше жарықтандырылып, балалардың ойын алаңы, кіші футбол алаңы, балықшылар монументі салынып, клуб күрделі жөндеуден өтті.

Қаратерең халқының келешектен күтер үміті мол. Дүйім жұрттың тілегін ортаға тоғыстырып, басын қосатын Арал форумының игілігі көп болады деп сенеміз.

Құдабай ЖИЕНБАЕВ,
Қаратерең ауылдық округінің әкімі.
Арал ауданы.

● ЭКСПОРТ

АУЫЛДАН АВСТРИЯҒА ДЕЙІН

Ел арасында «ғасырдың ғаламат жобасы» аталып кеткен САРАТС-тың алғашқы кезеңі теңіз төскейінің танымастай түлеуіне жол ашқаны бұлтартпас шындық. Шалқыған айдынның қайта оралуы басынан бағы тайған ежелгі теңіздің тамырына нәр жүгіртті. Атакәсіп – балық шаруашылығы, өзге де салалар қарқынды алға жылжыды. Кәсіпкерлік бағытындағы тірліктер де көңіл қуантады. Елбасымыздың Жолдауында қозғалған өнім өңдеп, экспортқа шығару ісінің де аяқ алысы бөтен емес. Осындай берекелі тірліктің басы-қасында жүрген жеке кәсіпкердің бірі, облыстық мәслихат депутаты Аманбай Ерхатовтың есімі көпшілікке жақсы таныс.

Майдакөл ауылының тумасы Аманбай Елеуұлы кәсіпкер ретіндегі қадамын тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында бастаған еді. Қазіргі уақытта шаруасын дөңгелетіп әкеткен іскер жігіт Арал, Қазалы өңірінен көптеген адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Аманбай басшылық жасайтын «СПК Қызылорда Балық» аталатын серіктестіктің құрамына «Бақыт» шаруа қожалығы, «Бөген сервистік дайындау орталығы» қарайды. «СПК Қызылорда Балық» ЖШС-нің индустриалды-инновациялық жобаларды дамыту бойынша «Қызылорда» ӘКК» АҚ-мен бірлескен жобасы іске асырылды. Жоба аясында балық өнімдерінен сүбе (филе) дайындайтын цехы пайдалануға берілді. Серіктестік «Бақыт» шаруа қожалығымен бірлесіп кіші Арал теңізінің №8 учаскесінен және Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданына қарасты Байтақ көлінен, Қазалыдағы «Қашқан су» көлінен балық аулап келеді. Өндірілген өнімді экспортқа шығару үшін сапа сертификаты бар. Балық өңдеу цехы балық өнімдерін тазалайтын, тоңазытып сақтайтын бөлмелер, сыйымдылығы 750 тонналық балық сақтау қоймасымен жабдықталған. Балық аулау, тасымалдау үшін арнайы көліктер мен құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Сапалы дайындалған, аса дәмді балық сүбесінің нарықтағы сұранысы аса жоғары. Тәулігіне 5 тонна балық тазаланып, 2,5 тонна таза көксерке балығының сүбесі әзірленетін зауытта 45 адам еңбек етеді. Жұмысшылар тегін тамақпен, арнайы киіммен қамтылған.

Ұжым мүшелерінің айлық жалақысы да бөтен емес. Зауытта әзірленген балық сүбесі Германия, Дания, Голландия, Бельгия, Австрия, Польша мемлекеттеріне жіберілуде. Еуропаға өнімді экспорттау мақсатында «еврокод» алынған. 2017 жылдың қаңтар-сәуір айларында серіктестікте 478 тонна балық өңделді. Баршасы, жоғарыда атап өткеніміздей, ғасыр жобасы САРАТС-тың шерепеті екені тағы рас.

Аманбай Ерхатовтың Ресейден балық зауытын салып, ұжымның құлашын кеңге жайғаны туралы мұнан бұрын да жазған едік. Ульяновск облысы, Димитровград маңына орналасқан балық өңдеу зауыты санаулы уақытта ел назарын өзіне аударып та үлгерді.

Бүгінгі таңда зауытқа 20 тоннаның үстінде балық жөнелтілді. Балық зауытының жылына 1500 тонна балық өнімін шығаруға мүмкіншілігі бар. Заманауи технологиямен жабдықталған Ресейдегі бұл зауытта 100-ге тарта адам жұмыс жасайды. «Бұл зауыттың бой көтеруі Қазақстан мен Ресейдің экономикалық ынтымақтастығының, Еуразиялық одақ құрылуының жемісі» дейді мамандар.

Ал, Аманбайдың өзінен «Димитровградтан зауыт салған мақсатымыз – ең алдымен уақытты үнемдеу. Әрі өнімнің сапасы қаз-қалпында өзгермей сақталады. Оған қоса жыл бойы жұмыс ырғағы үзілмейді» – дейді кәсіпкер.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚОЛДАУЫН СЕЗІНДІК

Арал теңізінің өткені мен бүгінгісі оның жағасын мекендеген мыңдаған адамдардың санасында өшпестей жазылды тұр. Кезінде аштықтан өзегі талған дүйім жұрт паналаған киелі теңіз уақыт өте өзі де ауыр жағдайға тап келгенде арашаға түскендер де аз болмады. Қарлығаштай қанатымен су сепкен олардың көмегін ұмытуға болмайды.

Сол қиын жылдарда Арал балықшыларына жәрдем қолын созған Дания балықшылар ұйымы еді. Олар Арал теңізіне 1991 жылы келген еді. Кіші теңізде балық қорын анықтайтын зерттеулер жүргізіп, балықтың камбала атты түрін аулауға мүмкіндігі барын анықтады. Халықтың көңілінде үміт оты оянды. 1996 жылы осы Дат елінен келген Курт Кристенсен, Кнуд Андерсен, Ян Ларсен негіз болып «Арал теңізі» қоғамдық бірлестігі құрылып, «Каттегаттан - Арал теңізіне дейін» атты Дат-Қазақ балықшы жобасы дүниеге келді. Аталған жоба 10 жыл бойы балықшыларға тәжірибелік, материалдық және қаржылай қолдау көрсетті. Орайы түскенде жобада белсенділік танытқан Таиров Махамбет, Махамбетова Жаннат, Батимова Ақшабақ, Қаратүпов Әскербек, Демеуов Нарғалидың еңбектері зор екенін атап кетсем. Осылайша Жаланаш, Ақбасты, Қаратерең, Бөген ауылдарында балықшы орталықтары құрылды. Сонымен қатар «Камбала балық» балықшылар өндіріс орталығы ашылып, балықшы ауылдарда өндіріс кооперативтері құрылып, балықшылар тіршілік жасай бастады.

Сол жылдардан бастап «Арал теңізі» қоғамы сырттан инвесторлар тартты. Бес халықаралық, он шағын жобалар жазып, аудан экономикасы мен балықшылардың әлеуметтік жағдайларын жақсартуға қомақты үлес қосты. Сондай-ақ 2009-2012 жылдар аралығында САРАТС жобасы барысында 5 балықшы учаскесіне 15 мобильді вагон үй мен рация, балықшы құралдары, он бес ауылдың медпункттері, төрт балабақшаға толықтай жиһаздар мен құрал-жабдықтар, Аманөткелге жедел жәрдем көлігі, Қызылжарға су таситын машина алып берілді. Ауылдардан жұмыс көздерін ашу мақсатында 15 жоба қайтарымсыз қаржымен қаржыландырылып, ағаш шеберханасы, наубайхана, жанар-жағармай бекеті, дүкен, балық қабылдау орталықтары, шеберханалар ашылды.

Қоғам әлі күнге дейін балық шаруашылығын дамытуға Ғаламдық Экологиялық Қордың /ГЭФ/ қолдауымен бірнеше жоба жүргізіп келеді. Араға он жыл салып яғни өткен жылы Даниялық әріптестеріміз Аралға арнайы келген болатын. Атқарылып жатқан жұмыстарды оң бағалап, облыс әкімі Қырымбек Көшербаевпен кездесті. Жүздесуде меймандарымыз балық шаруашылығын одан әрі дамыту мақсатында бірлескен жоба жүргізуге уағдаласты. Сүйсінерлігі, қоғам мүшелерінің еңбектері еленіп үкімет тарапынан түрлі марапаттар иеленуде.

Алдағы форумға үлкен үмітпен қараймыз. Сонымен қатар САРАТС жобасының екінші кезеңінің жеделдетіп басталғанын тілейміз. Балық шаруашылығының әлі де болса мемлекеттік қолдауды қажет ететін салалары баршылық.

Айнакүл БАЙМАХАНОВА,
«Арал теңізі» қоғамдық бірлестігінің директоры.



ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ – ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ

ДОСТЫҚ ТҰҒЫРЫ

ӨСКЕН ЕЛІМ ӨМІРІМ

Татьяна Владимировна Разложко – Шиелі кенті, Міржақып Дулатов көшесінің тұрғыны. Сонау 1963 жылы Қызылордадағы педагогикалық училищенің орыс тіліндегі бастауыш сыныптарға дәріс беретін мұғалім мамандығын алып келгеннен бері өзінің өскен өңірі Шиеліден бір адым ұзаған емес. Өйткені, осы бір шырайлы жерге кіндігін шырмалғандай.

Болғар қызы Қырымда дүниеге келгенімен, екі айлығынан қазақ жерінің ауасын жұтып келеді. Өзі Сыр өңірін кіндік қаны тамған, жаялығы жуылған туған жеріне балайды. Апыл-тапыл басқанында осы өлкенің табиғатын тамашалады, тілі ана тілімен қатар, қазақшаны тұшынды. Білім алу қадамы да осындағы №252 мектептен басталды, жоғарыда айтқанымыздай, арнаулы орта оқу орнын бітіріп келген соң да еңбектегі алғашқы жұмыс күнінің парағы ашылды.

– Несін айтарсың, Шиеліде тамаша адамдармен қызметтес болдым, Алтынай, Роза есімді қазақ қыздары сондайақ, Зинаида Солдатова, Тамара Нагорная, Мария Некрымова сынды ұстаздар достыққа адал, бауырмал жандар еді ғой. Өзімнің өмірлік тәжірибемнен байқаймын, адамдардың да мінез-құлқы өздері өскен табиғатқа ұқсайтын секілді, жоғарыда аталған және қапелімде атай алмаған жерлестерімнің жүректері мейірімнен жаралған, біреуге қол ұшын беруге дайын азаматтар болатын. Сол секілді мен мектептегі ұстаздық қызметімнен соң, орталықтағы балалар бақшасында тәрбиеші болып қызмет істедім. Балабақша меңгерушісі Кеңесқұл Байжановна да ізгі ниеттегі жан екен, көп нәрсені сол кісілерден үйрендік, – дейді ағынан жарылған Татьяна Владимировна.

Сөз басында айтқанымыздай, Ұлы Отан соғысы кезінде жау шебіне жақын маңда орналасқан көптеген басқа ұлттарды Бас қолбасшы Сталин саяси сенімсіздер қатарында қысқа мерзім ішінде Қазақстанға қарай жер аудартып жібергені – тарихи ақтаңдақтардың бірі. Сол тағдыр теперішімен қазақ жеріне орын тепкендер сапында бұл отбасы да бар болатын. Күйеуі болғар жігіті, аралас некедегі Мария Игнатова да екі айлық сәбиімен жел үйірген қаңбақтай өскен ортасынан көтеріліп кеткен еді. Бірақ бәрі де кейіннен Шиеліде қайта табысты. Әкесі Владимир Дмитриевич сұм соғыстан аман қалып, отбасын тапты. Өзінің мамандығына сай механик болып, зейнеткерлікке шыққанынша осы жерде қызмет етсе, анасы тұтынушылар одағында есепші қызметін атқарды. Ағасы, інісі де осындағы мектепте оқып, еңбекке араласты. Көнекөз шиеліліктер біледі, бұлардың жанұясы осындағы үлгілілердің бірі болатын. Әкесі мен анасының үйленгендеріне елу жыл толған – алтын тойлары қандай керемет өткізілген еді. Бірге қызмет істеген тілектестер, жанашыр жандардың қуанғаны күні кешегідей көз алдында.

– Қазақтардың тойлары ұлттық салт дәстүр мен тәрбиге зор мән береді ғой, әке-шешеммен қатар жүрген олар той шашуларын әкеліп, домбырамен ән салып, айналаны думанға бөлеп еді-ау, сол кезде... – деген Таня апай осы жерде аздап қамығып қалған сыңайлы, көзіне жас алып қалды.

Иә, өткен күнді еске алу, адамды қуантып қана қоймайды, кейде жанын осылай сыздататыны да бар. Өйткені, өткен күнді қайта оралта алмайсың ғой. Осы күйінде ата-анасымен қатар, қапияда қаза болған өмірлік қосағы, өмірден өткен ағасы мен інісі де есіне түскен шығар, бәлкім...

Татьяна Владимировна соңғы жиырма жылын №6 кен басқармасында өткерді, әуелі кеңсе қызметінен бастаған ол, кейіннен осы мекеменің шаруашылық меңгерушісі лауазымын атқарды. Ұлы Генадий әкесі секілді еңбекшіл, қолынан бәрі келетін азамат болып жетілді. Техниканы ұршықша үйіретіндердің бірі, қазір де өз мамандығы бойынша жұмыс істеп жүр.

– Балам біршама уақыт Украинада жоғары жалақылы жұмыс істеді, үйжайлы болды. Мен зейнетке шыққан соң сонда алып кеткісі келді. Алайда мен дес бермедім, «Бара алмаймын дедім, өйткені Қазақстанды, өскен жерім Шиеліні қимаймын. Бұл – шыным. Өзімді басқа өңірде елестете алмаймын. Мұны түсінген балам барлығын тастап, жаныма келді. Оған да рахмет! Расында, Қазақстандағы жағдай өте жақсы, Президенттің бағдарламалары халықтың әл-ауқатын арттырумен қатар, жаңа өндіріс орындарын ашуға бағытталып келеді. Таза ауыз суымыз бар, биыл үйге газ кіргізіп алдық, басқа да әлеуметтік жағдайлар жасалынған. Пейілі кең жаратылған қазақ ұлтының арқасында халықтар достығына қылау түскен емес. Мұнда тек ерінбей еңбек ету керек, оған жағдай бар, – дейді Таня апаңыз.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі кенті.

ТАТУЛЫҚ

КІШІПЕЙІЛДІК – КІСІЛІК КЕЛБЕТІ

Жаңақорған ауданының орталығында өсіп-өнген түрік отбасылары бар. Солардың бірі – Шамшуддин ақсақалдың шаңырағы. Өзі бір кішіпейіл, бауырмал, адал бейнеттің адамы еді. Ұзақ жылдар бойы аудандық «промкомбинатта» еңбек еткен қария оншақты жыл бұрын өмірден өтті. Осындағы отызшақты түрік отбасының үлкен ақсақалы болды. Ол кісінің өмірлік қосағы Күміс апа да сол салада қызмет жасап, зейнеткерлікке шықты. Ауданның орталық көше бойына орын тепкен оларды бүкіл жаңақорғандықтар жақсы таниды, жапырлай келіп амандасып жатқандары.

Кешегі аласапыран жылдары қазақ жерінен пана тапқан ұлыстардың бірі – месхет түріктері. Туған өлкесінен күштеп көшірілген түбі бір халықтың біршамасы әуелі Қазақстанның Арал теңізі маңына, кейіннен 1946 жылы арнайы рұқсат алғаннан соң Жаңақорғанға келіп тұрақтады. «Сталиндік зұлматтың талай қорлығын көрдік, адамға ең қажеттісі – бір тістем нан да емес, бір ұрттам су да емес, тыныштық екен ғой. Қырық бірінші жылға қараған қара күзде Мәскеуден пәрмен келді де, бір сөткеде жылы ұямызды тастап шыға келдік. Қолға ілінген аздаған киім-кешек пен құжаттарымызды ғана алдық», – дейтін еді, жарықтық.

«Ат тұяғын тай басар» демекші, Шамшуддин ақсақалдың кенже ұлы Илман белгілі палуан, қазір балаларды күрес өнеріне үйретеді. Бұл күндері үш ұл, бір қыздың әкесі. Келіншегі Зульфия да жарамды жан. Ата-анасының тәрбиесінен бөлек, келген жерінен де қаншама тәлім үйренді десеңізші. Ол қазір өздерінің шағын дүкенінде сауда жасап, нарықтық өмірге бейімделген.

– Елдің тұтастығы мен тұрақтылығының кепілдігі бар елімізде. Бұл әрине елдің сенімі мен ынтымағын нығайтады. Тұрғындардың бейбіт өмірі аясында өз кәсібін жандандырып, ел үшін еркін еңбек етуіне жағдай бар. Сондай қарапайым отбасының бірі – өзіміз, – дейді білегі құрыштай болса да, жүрегі нәзік бауырлас иніміз. Аудандық спорт мектебінде шәкірті ететін оның бірнеше шәкірті республикалық жарыстарда жеңімпаз болса, бір шәкірті Азия біріншілігінің жүлдегері атанды.

Біз әңгіме етіп отырған отбасы өз айналасына да сыйлы, көршілерінің барлығымен жарасымдылықта, тату-тәтті өмір сүріп келеді. Өйткені, үлкендердің тәрбиесі оларды кішіпейілділік пен ынтымақты болуға жастайынан тәрбиелеген-ді.

Иә, көршімен татудың – көшесі кең, ісі берекелі болары анық.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

ОРТАҚ ШАҢЫРАҚ ШАТТЫҒЫ

Тарихи құжаттардың таразылауы бойынша, 1937 жылы Қазақстанға 20 789 отбасы, 98 454 корей этносының өкілдері көшіріліп әкелінген екен. Соның үлкен бір бөлігі Сыр бойына қоныстандырылғаны мәлім. Мен ол кезде бар жоғы 11-12 жастағы бала едім. Осы уақыттан бері Сыр өңіріндегі корей халқының өмір сүру кезеңі басталды.

Ол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайдың қазақ халқы үшін де оңай соқпай тұрғанын көзімізбен көрдік. Қалың жұртты құлазытып кеткен ашаршылық, «халық жауы» деген жалған айыптар тағылып, саяси қуғындаулардың жүргізілуі – сол замандағы зобалаң.

Осындай қиындықты бастан кешіп жатса да, қазақ ауылдары ауа көшіп келген бізді адасып қалып тапқан ағайындарындай қабылдады. Бір үйлік баспанаға бірнеше отбасы тұрған жағдайлар да болды. Жоқты бірге іздеп, барды бөліп жедік.

Қазақ халқының осындай құрметіне сай болу үшін елге, жерге деген ықыласымызды білдіру мақсатымен білек сыбана еңбекке араластық. Әсіресе, күріш өсіру шаруашылығында көшіп келген корейлер тарапынан айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Осы еңбектерімізді елеген басшылық облыс бойынша корей ұлтының 28 азаматына Социалистік Еңбек Ері атағына лайық деп тапты. Бұл Кеңес үкіметінің еңбек адамына көрсететін ең жоғары атақ-құрметі болатын. Әрине, мұның өзі жергілікті халықтың кең пейілінен туған құрмет екені анық.

Сыр бойын қоныстап, өркен жайған біздерге аға ұрпақ өкілдері, атап айтсам, корей халқының ұлттық батыры Хом Бом До, ағартушы-ғалым Ге Бон У және басқалар үлгі-өнеге көрсетіп, қазақ халқымен бауырластықтың жоғары дәрежесін көрсетті. Олардың мәңгілік мекенін Алаштың анасына бағаланған қасиетті топырақтан табуы да соның айғағы.

Бүгінде көсегеміздің көгеріп, өмір ағымында өсіп-өніп жатқанымыз қазақ халқының ықыласы мен дархан көңілінің арқасында екенін ризалықпен айтамыз. Заманымыз зымыран тастап, зұлмат күндерді бастап кешкенде бауырына басқан қазақтың біз үшін жақсылығы ұшан-теңіз.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де өзге ұлт өкілдеріне деген құрмет бұрынғыдан артпаса, кемімеді. Елбасы құрған Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің өміршеңдігін, бірлік пен татулыққа тұтқа болар қуатын көрсетті.

Біз қазақ елімен қашан да бір тұдың астындамыз. Біздің дүниелік ынтымақ-бірлігіміздің діңі босамайды, өйткені тарихи тамырымыз тереңде.

ГЕ ХАК РИМ,
«Қазақстан корейлер қауымдастығы облыстық филиалы» ақсақалдар кеңесінің торағасы.

1995 жылы Ұлт Көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұйғарымымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бұл түрлі этностардан құралған Қазақстан халқының ынтымағы мен береке-бірлігін жарастыра отырып, оларды бір мақсат, бір мүдде жолында аянбай еңбек етуге жұмылдыру болатын. Осылай ұлтаралық келісімді сақтау және оны одан әрі нығайту этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісін түбегейлі қалыптастырды. Әрине, көпұлтты халқымыздың азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біртектілік пен бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру мақсатында этносаралық келісімді қамтамасыз ету қажеттігі уақыттың талабы еді, мұны Елбасы ерте ойлады. Соған сай «Кезінде тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепті. Бүгінге олар тегі басқа болғанымен, тәнді бір, қаны бөлек болғанымен, жаны бір, арманы ортақ біртұтас халыққа айналды. Туған елінің туының астында бірігіп, туған жердің тұғырын биік етуге бел шешкен азаматтарды бір тағдыр күтеді әр уақытта. Осылай елдігіміздің ертеңі ошақтың үштағаны секілді «бір халық, бір ел, бір тағдыр» деген үш сөзге сыйып отыр» деді Н. Назарбаев.

АССАМБЛЕЯ – ҰЛТТАР ҰЙЫТҚЫСЫ

Ассамблеяның тәуелсіздік жылдарында құрылымдары кеңейіп, ауқымы артқаны рас. Оның жаңа мәртебесіне сәйкес мәртебесін күшейту, жаңа деңгейге көтеру бағытында 2014 жылы Елбасының тапсырмасымен облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Республика бойынша Сыр өңірінде ғана аталған мекеменің этносаралық мәселелері жөніндегі эксперті жұмыс істейді.

Достықтың алтын діңгегі – «Достық үйі» ашылғалы аймақ көлемінде айтулы шаралар қолға алынды, жаңашыл жұмыстар өмірге келді. Мысалы, татулық пен бірлік үйінің мұражайындағы қазақ халқының көне жәдігерлерімен таныса алады. Сонымен қатар, этномәдени бірлестіктердің тарихи қол еңбектері, киімдері мен музыкалық аспаптары да қойылған. Жалпы алғанда, мұражайда 68 экспонат бар.

Облыстағы этномәдени бірлестіктердің мәдени күндері, әр этностың: Наурыз, Құрбан айт, Рождество, Сабантой, Сольналь, Остерн, Песах, Масленица, Пасха сынды ұлттық мерекелері тұрақты түрде кеңінен аталып өтіледі. Мұның маңыздылығы сол, мереке бір ұлттың айналасында емес, жалпы ортақ мейрам ретінде тойланып келеді. Өз кезегінде, мұндай шарлар барлық этностың ауызбіршілікте өмір сүруіне, қоғамдық келісімнің берік нығаюына үлкен ықпал етіп отыр.

Қазіргі таңда облыстық ассамблеяның 11 этномәдени, 6 этнобағытталған бірлестіктері, 145 Аналар кеңесі, 155 Қоғамдық келісім кеңесі, 22 достық клубы, 1 ғылыми-сарапшылық тобы, 1 медиация кабинеті, облыстық мәслихатта депутаттық тобы, меценаттар тобы, журналистер мен сарапшылар клубы, жастар қанаты, ақпараттық-насихаттық тобы бар. Осындай аукымды қызметтер арқылы ассамблея достық бәйтерегінің діңгегіне айналды.

2016 жылдың 31 наурызында «Достық үйінде» Медиация кабинеті ашылды. Соған сай облыстың кәсіби және кәсіби емес медиаторларының ортақ базасы жасақталды. Бұл бағытта облыс көлемінде 38 кәсіби және 343 кәсіби емес медиатор жұмыс жасайды. Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы хатшылығы, облыстық прокуратура, әділет, ішкі істер департаменттері, білім басқармасы, Судьялар одағы, адвокаттар алқасы, нотариаттық палата, «Медиаторлар одағы» қоғамдық бірлестігі, «Келісу» кәсіби медиаторлар одағы», «Tura Bi» медиация және сот әділдігін қалпына келтіру» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалдарының басшылары медиация арқылы даулы жағдайларды төмендетуде нақты істерге бірігу мақсатында өзара ықпалдастық туралы 11 жақты меморандумға қол қойды. Мұның айрықша атсалысуы халық сенімін арттырып, медиацияның тиімділігін танып отыр.

Облыстық ассамблеяның ақпараттық-насихаттық тобы «Дін істерін зерттеу» орталығымен бірге қала көлеміндегі 16 оқу орнында экстремизмге, нәсілшілдікке, этникалық және діни шыдамсыздыққа жол бермеу мақсатында «Мәңгілік Ел: негізгі өлшемдер», «Үлкен ел – Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасының негізгі құндылықтары, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру, «ҚХА-ның қызметі мен басым бағыттары», «Біртектілік пен бірлік: Болашағы біртұтас ұлт», «Әлем. XXI ғасыр» манифесі және т.б. тақырыптарда жастар мен мақсатты топтар арасында кездесулер өткізді. Осы ұйымдастырылған дәрістерге 17 мыңға жуық адам қатыстырылды.

Ал, енді «Мәңгілік Ел» идеясын ғылыми тұрғыда талдау, түсіндіру және халық арасында кеңінен насихаттау мақсатында облыстық ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топ мүшелері мен ғылыми қоғамдастық өкілдерінің бастамасымен 80-ге тарта ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалар жарияланды. Сонымен қатар, 4 монография, 3 әдістемелік және 2 оқу құралы жарық көрді.

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Мәңгілік ел» пойызы жалпыреспубликалық акциясы, «Тәуелсіздік пойызы» облыс үшін жағымды жаңалық әкелді.

Әрине, «Достық үйінде» облыс әкімі, Қызылорда облыстық ҚХА торағасы Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының түрлі шаралары ұйымдастырылып келеді. Және оның әрбір шарасынан ел өзіне қажет ақпараттар алуға, кейбір мәселені шешуге мүмкіндік алды.

Тағы бір таңдаулы жұмыстың бірі – «Достық үйінде» тілдерді оқыту кабинеті де жүйелі жұмыс жүргізуде. Кабинетте мемлекеттік және ағылшын тілдері оқытылуда. Соның ішінде, қазақ тілі өзге этнос балалары мен жастары үшін 63 сағаттық оқу бағдарламасы негізінде аптасына 2 реттен оқытылады.

Облыстық Қоғамдық келісім кеңесінің отырыстарында жергілікті мекемелердің атқарған қызметтері туралы қоғамдық тыңдау жүйелі өткізіліп келеді. Мұндай оң істер республика көлемінде насихатталып жүр. Соның бірі ретінде Сырдария ауданының Н.Ілиясов ауылдық Қоғамдық келісім кеңесінің жұмысы үлгі етуге тұрарлық.

«Ақ орамал» республикалық акциясы аясында облыстың барлық ауданы мен елді мекендерінде түрлі форматта 343 шара өткізілді. Облыстық Аналар кеңесі «Аналар – аналарға» атты қайырымдылық акциясын жүйелі түрде өткізіп тұрады. «Hand made» атты көрме-жәрмеңкесі, Шахан қаласында орын алған қайғылы оқиғаға ұшыраған азаматтарға қолұшын созып, «Шахан көмек», 1 наурыз – Алғыс айту күні, 22 наурыз күні қайырымдылық акциялары ұйымдастырылды.

Айта кету керек, Қызылорда облыстық ассамблеясы іс тәжірибесін ҚР Президент Әкімшілігі жанындағы Қазақстан халқы Ассамблеясы мәжілісінде үлгі ретінде аталды. Әсіресе, «Қоғамдық келісім» КММ құру туралы Сыр елінің бағалы бастамасын бүгінде Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары жалғады.

Облыстық ассамблеяның «Сыр елі – достық мекені» ақпараттық-насихаттық тобы есепті мерзімде шетелдік азаматтар жұмыс жасайтын «Галас и К», «Джунь Ю Тянь-Шань Мұнай Сервис», «SSM-Ойл» және «Көлжан» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде қызметкерлермен, сондай-ақ, облыс аудандарында тұрғындарымен кездесулер өткізіп, қоғамдық келісім, бірлік пен бірегейлік, ұлттық құндылықтарды насихаттап жүр.

Барлық жоғары және орта арнаулы оқу орындарында, жалпы білім беру ұйымдарында жүйелі түрде өзекті тақырыптар аясында кешенді ашық сабақтар ұйымдастырылды. Және өңірдің 7 ауданында жалпы білім беру ұйымдары оқушыларына арналған «Мәңгілік ел» клубы құрылып, жұмыс жасауда.

Облыс бойынша 299 мектептегі 143 мың оқушы мен 30 мыңға жуық жоғары және орта оқу орындарының студенттері қамтылған кешенді шараларға облыстық ассамблея құрылымдарының мүшелері, этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысып, дәріс оқыды. Осы орайда аталған барлық іс-шаралардың атқарылуына да, жалпы ассамблея қызметінің жанануына да облыстық Ассамблея хатшылығының басшысы Лайла Бегалыкызы Төрешованың мықты ұйымдастырушылық қабілетін айрықша айтқан жөн.

Жалпы, облыстық ассамблеяның ел алдындағы жұмыстары бұдан былай да серпінді түрде жалғаса береді. Таттулықты ту еткен тілегіміз достықтың дәнекері болып, үлгі-өнегесін таныта түседі деп үміттенемін.

Біз бейбіт заманда, тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп, көпұлтты халық бір ананың баласындай тату тіршілік кешкені ұлы той десе болады. Мұндай мәртебеге Елбасы мүмкіндік ашты. Қазір қай ұлттың өкілінен сұрасаңыз да Мемлекет басшысының көреген саясатына ризашылығын білдіріп, Ассамблеяның қызметін жоғары бағалайды. Демек, елімізде, оның ішінде Сыр бойында тұрақтылық кепілі ретінде ұлттар достығы берік, келешекке кемел көзқарас қалыптастырған. Аймақта тұңғыш рет «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық форумының өткізілуі де осының айғағы.

Қ.ҚҰРБАН.

АЛАШ АРЫСТАРЫ

МІРЖАҚЫПТЫҢ ЖҰМБАҚ ӨЛІМІ

«Мың өліп, мың тірілген» қазақтың, оның ішінде кешегі кеңес заманының адам төзгісіз қиындықтарын көрген қазақ зиялыларының тағдыры туралы білгенде еріксіз жүрегің жылайды. 2014 жылы Қостанай облыстық «Учительская плюс» газетіне шыққан «Мағжанның жұмбақ өлімі» атты мақаланы оқып, «Ой, жаратқан Аллам-ай, бұл не деген зұлмат заман еді? Кеңес дәуірінің қандай қарғыс атқыр кезеңдері болған? – деп бас шайқап, біраз уақыт жүрегім сыздап отырдым.

Өткен ғасырдың 60-жылдары еді. Жоғар сыныпта оқимыз. Бірде әдебиет пәні сабағында «30-жылдардағы қазақ совет әдебиеті» тақырыбын әңгімелеген ұстазым Қоңыртай Тәукеновтен «алашордашыл» ақын-жазушылардың есімдерін алғаш рет аузынан естіп едім. Ол кісі Сәкен, Бейімбет, Ілиястармен қатар Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтардың есімдерін не себепті «ешкімнен қысылмай-ақ» айтқанын кейінірек 70-жылдары Қызылорда педагогикалық институтында оқып жүргенде, атақты түркітанушы ғалым, профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың лекциясынан кейін бір-ақ білдім. Ал кезінде мектепте: «Анау ақын-жазушылар кімдер еді?» – деп сұраған бала бола қоймады. Адам өзі көп дүниені көре-жүре, біраз оқығаннан-тоқығаннан кейін білетін әдеті ғой.

Оқырмандар қаперіне мына бір қысқа естелікті ұсынғым келеді. Қостанай облысының Аманкелді селосында кешегі 90-жылдардың соңына дейін Қараш деген иманды ақсақал тұрды. Жұрт ол кісінің 1929 жылғы Батпаққара көтерілісінен кейін 16-17 жасында «халық жауы тізіміне» ілігіп, кеңес заманының айдауында болып келгенін айтатын. Ол кейбір қарттарға ұқсамайтын. Ерекше адам болатын. «Басынан өткен жайттар туралы ешкімге тіс жарып айтпайды» деп естігенбіз. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы қаулы шыққаннан кейін жасы 80-ге аяқ салған кезде ақсақал ұлттық арнаның тілшісі Ләззат Қапышеваға мына төмендегі әңгімені айтып берген еді:

... 1930 жыл. «Ақтеңізде» айдауда жүрген кезіміз. Тәңірдің бұйрығы шығар? Құдайдың құдіретімен бір күні айдауда жүрген Міржақып сабазбен кездесіп қалдым. Біз бір-бірімізге жақын, ілік болып келеміз, екеуміздің де «қыржігітке» жақындығымыз бар. Бір-бірімізді бұрыннан, елден білетінбіз.

Мың-мың адам осы күнгі «Беломор» каналын қазып жатқанбыз. Үстінде күпәйке, бұтында қалың мақталы шалбар, басында сәбеттің сотталғандарға кигізетін қара құлақшыны, қолында ұстаған санитар сумкасы бар, бізге қарай Міржақып Дулат келе жатыр! Қара жұмыс істеп жатқандарды аралап келе жатқанын байқап қалған мен: «әй, бір, кездесіп қалсам, дұрыс болар еді!» – деп, жан-жағыма алақтап, дайындала бастадым. Құдайдың сәтін салғанын қарасай!.. Тура мен жаққа қарай жүрді. Айдалып барған бетте-ақ жанымдағы орыстардан: «Мирякуп Дулатов деген политический бар, өте грамотный, добрый человек, фельдшер, постоянно помогает больным людям...» дегендерін естігенмін. Сөйтсек, Міржақып сот үкімімен Карелия жеріне айдалып барысымен сол тұтқындар лагері ішіндегі қысқа курстан медсанитарлық-фельдшерлікті оқып, үйреніп алыпты. Мен оны ауырып-сырқағандарға көмектесіп жүрген кезінде кездестірген екенмін. Жарықтық мені көре салысымен ұмтылып келіп құшақтай алды. Мен булыға, өксіп, жылап жібердім... Тез-тез амандық сұрасқан болдық... Екеуміз де жан-жағымызға қарап, жалтақтаудамыз... Іле: «Аға, тағы көрісеміз бе, көріспейміз бе? Ескерткіш болсын, бойтұмар қып ұстап жүретін бірдеңе айтпайсыз ба?... Жазып берсеңіз тіпті жақсы болар еді?!...» – дегенімде:

– Ай, оны саған ұстата қояр ма екен? – деп, қойнынан блокнот, қарындашын ала берді. Жыртып алған тілдей қағазды тізесіне қойып жіберді де: «Қарашқа.

Жаңа талап балдырғандай баласың,
Жүрсің шарлап Ақтеңіздің жағасын.
Келешегің кемел болып, Қарашым,
*Туған елге аман-есен барасың!» – деп, бір ауыз өлеңді сүйкен жіберіп, қолыма ұстата берді. «Жаттап алып, жыртып тастарсың» – деді. Деді де, ай, сабазым жүріп кетті. Бұл төрт жол өлеңді Жақып сабаз жазып жатқанда-ақ жаттап алдым. Қазір Торғай-Аманкелдіде бұл төрт жолды журналист Хамитбек Мұсабаев жатқа айтып, тиісті жеріне айтып жүреді. Естелік-жинақтарына енгізген. – Қарақтарым-ай, біз елге аман-сау оралдық-ау... Қайран, Ахаң-Жақаңдарды айтсай!...Талай жанның өзегін өртеген өкініш пен ыза, жоғалғанның орны толмайды ғой!...*Қараш қарт кірпік қақпай, біраз үнсіз отырып қалды. Тағы да сөйлеткім келіп, мен бір оқыс сұрақ беріп қалдым:

– Аға, осы Міржақып ағамыз қашан, қалай атылды?

Қарекең маған жалт қарап:

– Тек! Міржақып атылған жоқ. Жарықтықтың басына кейін бір жара шығыпты ғой! Құданың құдіреті – сол жара ажалына себепші болыпты! Қайран, есіл ер! ... Сөйтіп, әне, ол сабазың да сол жақта қалды...

Кейін 1992 жылы елдің азаматтары: Жақан аға Қосабаевтың бастамашыл қамқорлық-колдауымен Торғайдың тастүлек-қыраны, «Мұнды сапар» естелігінің авторы Қайсар Әлім, тағы басқа көптеген жанашыр жігіттеріміз Міржақып Дулатовтың мүрдесін туған жеріне алып келіп, қайта жерлегенде Қараш ақсақал қалай тебіреніп сөйледі десеңші?!

Қайтсін енді?! Сонда бүкіл ел-жұрт: – Бұған да шүкір! – деп еді.

Әбдіқадыр ӘБІЛТАЕВ.
Қостанай қаласы.

КҮШТЕП КӨШІРІЛГЕН КӨШ

1944 жылдың бірінші қарашасына дейін Қызылорда облысындағы күштеп қоныс аударылғандар ішінен 3451 адам қайтыс болды, бұлардың басым көпшілігі шешендер мен ингуштар болды. О баста облысқа 26924 шешен мен ингуш әкелінсе, 1945 жылдың 10 қаңтарына дейін соның 22214 адамы қалған. Олардың 10 пайыздан астамы бір жыл өтпестен қайтыс болды. Әсіресе көп қайтыс болғандар Қазалыда – 585 адам, Қармақшыда – 678 адам, Теренөзекте 639 адам болды.

Кесте 4. 1944 жылы облысқа күштеп қоныс аударылғандар арасында қайтыс болғандар.

Ауданы	Қайтыс болғандар саны
Арал	206
Қазалы	585
Қармақшы	678
Жалағаш	696
Теренөзек	639
Сырдария	64
Шиелі	347
Жаңақорған	239

Қызылорда облысына қоныс аударылған 3403 қалмақ, шешен, ингуш отбасылары тұрақты пәтермен қамтамасыз етілді. Олардың 1093 отбасы өндіріс орындарына жұмысқа алынып, өндіріс орындары есебінен пәтермен қамтамасыз етілсе, 2310 отбасы жергілікті колхоз тұрғындарынан сатып алынған, я босаған пәтерлермен қамтамасыз етілді. Бұған қоса үкімет тарапынан облысқа қоныстанушыларға үй салып алуға 1820 мың сом есебінде несие берілді. 1945 жылдың 1 қаңтарына дейін бұл несиенің 1485 мың сомы игерілді. Несиенің көп бөлігі Қармақшы ауданына – 255000 сом, Жалағаш ауданына – 260000 сом, Жаңақорған ауданына – 245000 сом бөлінді. Алайда, 1944 жылдың соңына дейін несиені толық игерген тек Сырдария, Жалағаш, Арал аудандары болды.

Қазақстан колхоздарына жайғастырылған 68969 отбасылардың 60429-ы колхоздарға қабылданды. Облыс бойынша елді мекендерге орналастырылған қоныстанушылардың 2857 отбасы колхоздарға орналастырылды.

Кесте 5. Облыс колхоздарына қабылданған шешен, қалмақ, ингуш отбасылары саны және бақша егуге жер телімін алғандар саны.

Ауданы	Колхозға қабылданғандар	Бақша егуге жер алғандар
Қазалы	364	460
Жалағаш	488	455
Сырдария	89	110
Жаңақорған	376	13
Қармақшы	248	180
Теренөзек	521	79
Шиелі	769	599

Облыстағы шешен, ингуш, қалмақтарға мал беріліп, жағдайларын жақсартуға ден қойылды. Мұрағат құжаттары бойынша оларға 1945 жылдың 10-қаңтарына дейін төмендегі кестеге сай мал берілді.

Кесте 6. Шешен, ингуш, қалмақтарға берілген мал басы саны [16,12п.].

Аудандар	Ірі қара саны (бас)	Ұсақ мал саны (бас)
Арал	124	537
Қазалы	243	193
Қармақшы	36	76
Жалағаш	148	1971
Теренөзек	133	1806
Сырдария	183	1026
Шиелі	120	1324
Жаңақорған	38	1145
Барлығы	1025	8088

Қазіргі Грузиядағы Месхетия ауданы XVI ғасырда Түркияның қол астында болды және мұндағы түрік диаспорасы 1829 жылы орыстар келгеннен кейін де қала берді. Ұлы Отан соғысы жылдарында бұл жерлерде немістер, я олардың одақтастары болған жоқ. Бірақ осы жерді мекендеген түрік халқының өкілдері депортацияға ұшырады.

Қызылорда облысы бойынша арнайы қоныс аударылғандарды тасымалдаушы шаруашылықтарға жайғастыруға жауапты бөлім басшысының мұрағат құжаттарында сақталған мәліметі бойынша Солтүстік Грузиядан көшірілген Месхет түріктерінің 356 отбасы (1857 адам) аймақтың 6 ауданына орналастырылды.

Кесте 7. Месхетия түріктерінің Қызылорда облысы аудандарына орналастырылуы.

Қоныстанған ауданы	Отбасы саны	Адам саны
Шиелі ауданы	61	327
Арал ауданы	72	354
Қазалы ауданы	53	327
Қармақшы ауданы	65	324
Сырдария ауданы	49	250
Жаңақорған ауданы	56	275
Барлығы	356	1857

Еңбек майданы соғыс майданынан кем болмаған неміс ұлт өкілдерінің статистикасынан көруге болады. Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанға көшірілген 420 мыңнан астам немістен соғыстан кейін 330 мыңы ғана тірі қалған. Еңбек майданына сәйкес құжаттарды көріп отырып, кеңес үкіметі тегін жұмыс күшін көбейту үшін депортацияны әдейі ойлап тапқан ба деген ой келеді. Не болғанда да, Ұлы Отан соғысы кезіндегі депортацияланған халықтар – сотталған халықтар тағдырын тартты деуге болады.

Айтжан ОРАЗБАҚОВ,
ҚР Педагогика ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты.

(Соңы. Басы өткен сандарда.)

МӘЖІЛІС

ҚҰРЫЛЫСТЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШІ – САПА МЕН МЕРЗІМ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімдігінің мәжілісі өтіп, күн тәртібінде 4 мәселе қаралды.

Облыс көлемінде Жер заңнамасының сақталуы бағытында атқарылып жатқан шаралар туралы облыстық жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы Қ.Тоғызбаев хабарлама жасады. Басқарма мамандары өз құзыреті шегіндегі жұмыстарды атқару барысында бірқатар кемшіліктерді анықтап, айыппұл салған, тиісті шара көрген.

Өткен жылы облыс әкімдігі «Қызылорда облысындағы пайдаланылмайтын және заң талаптарын бұза отырып, пайдаланудағы жерлердің толық алып қойылуын қамтамасыз ету бойынша» Жол картасын облыстық прокуратурамен келісе отырып бекіткен болатын. Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда жұмысшы топтар құрылды. Топ құрамында прокуратура және мүдделі мемлекеттік орган өкілдері бар. Облыс пен аудан орталықтарында аралайтын аумақтардың шекаралары белгіленген карталар әзірленді. Жұмыс топтары облыс және аудан орталықтарында аралау жұмыстарын жүргізуде. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылау функциясы барлық деңгейдегі әкімдерге берілгені белгілі.

Хабарламашының айтуынша, «Жол картасына» сәйкес, барлық аудандарда аралау жұмыстары аяқталуға жақын. Бірақ, қалада бұл жұмыс небәрі 39 пайызға орындалған. Аймақ басшысы тиісті басшыларға жер қатынастары жөніндегі құзыреттерін іске асыру барысында

ӨРКЕНДЕГЕН ӨҢІРДІҢ

23 мамыр күні «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының тікелей эфирінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен «Әкім сағаты» бағдарламасы өтті. Телеарна журналистері Алтынай Молжанова мен Ғалымжан Жұманазар жүргізген бағдарлама 2,5 сағатқа созылды. Тікелей эфир барысында аймақ басшысы облыстың тыныс-тіршілігі мен алдағы жоспарлар жайлы тарата айтты. Бағдарлама кезінде көрермендер тікелей эфир арқылы аймақ басшысынан өздерін мазалаған сұрақтарға жауап алды. Мұнан бөлек 400-100 Call-орталығы мен www.400-100.Kz. арнайы сайты жұмыс жасап, 359 облыс тұрғыны өз сауалдарын жолдады.

– Жалпы саралай отырсақ, облысымыздың кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық ахуалын мына бір ғана деректі келтіре отырып аңғаруға болады екен. Мысалы, 2012 жылы өңіріміз әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінен еліміз бойынша 16-орында болса, 2013 жылдың қорытындысымен алғашқы бестіктің қатарынан көрінген екен. Бұл, әрине, үлкен жетістік.

Өзіңіз туып-өскен өлкеде облыс әкімі қызметіне тағайындалғаныңызға, міне, төрт жылдан астам уақыт өтіпті. Осы төрт жылдан астам уақытта өңірімізде атқарылған тірліктер өте көп. Әлгінде біз эфирдегі бейнебаянымызда негізгі көрсеткіштерге бір акцент жасап өттік. Ал қазір тікелей эфиріміздің барысында әр салаға қатысты атқарылып жатқан жұмыстарды, жалпы әлі де болса шешімін табуы тиіс мәселелерге ойысатын боламыз. Ал алдымен ағымдағы жылға артылған жауапкершілік төңірегінде әңгімені бастасаңыз. Жалпы ойға алған жоспарлар ойдағыдай жүзеге асырылып жатыр ма? Облысымыздың бүгінгі дамуына қандай баға бересіз?

– Қайырлы кеш, құрметті телекөрермендер! Мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып, сіздермен кездескенімізге қуаныштымын. Қызмет бабымен облыстың барлық 264 елді мекенін өзім аралап шыққанмын. Мен болмаған елді мекен жоқ. Ал бірақ күнде кездесудің реті келе бермейді. Сондықтан осы мүмкіндікті пайдалана отырып, сіздермен тікелей сұхбаттасып, сұрақтарыңызға жауап беріп және аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму үдерісіне байланысты ақпарат беру мен үшін де өте маңызды. Өйткені, сіздердің Сыр елінің жасарып -жаңаруына тілекші, соған өздеріңіз үлесін қосып жүрген азаматтар екендеріңізді біламіз.

Биылғы жылдың ерекшелігі, біз әлі ғаламдық дағдарыстан шыққан жоқпыз. Әлі де оның салқындығы тиіп отыр. Мысалы мұнайдың, газдың бағасына байланысты біздің Қызылорда облысы қиыншылықтарды ерекше сезінді. Бес айдың қорытындысы әлі шыққан жоқ, десе де, аймақ дамуын айқындайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің нәтижесі бойынша барлық салада өсу бар. Республиканың маңдайалды 5 облысының қатарындамыз. 1-тоқсан қорытындысы бойынша 3-4-ші орында тұрмыз. Оның ішінде бір ғана көрсеткіш бойынша ойдағыдай

шығып отырған жоқпыз. Ол өнеркәсіп өндірісі. Себебі, мұнайдың, газдың бағасы төмендеп кеткеннен кейін біздегі «Құмкөлдегі» мұнайдың көлемі де, сонымен бірге, сапасы да төмендеп кеткен. Жер астынан алынып жатқан мұнайдың 95 пайызы – су, 5 пайызы ғана мұнай. Мұның өзі мұнайдан түсетін түсімді төмендетіп жіберді. Бұл, әрине, инвестицияның да, бюджеттің де көлеміне салқындығын тигізеді. Аймақ өндірісінің 80 пайызы мұнай-газ және уран өндірісі. Осыдан 4-5 жыл бұрын мұнайды 11 млн тонна өндірсек, биылғы жылдың аяғына дейін өндіретін көлем 6,7-6,8 млн тоннадан аспайды. Республика бойынша мұнай өндірісі кемуінің 70 пайызы біздің облысқа тиесілі. Бір жағынан бұл, әрине, қиыншылық, бірақ қазақ «жаман айтпай, жақсы жоқ» дейді ғой, екінші жағынан бұл бізді өңдеу өнеркәсібін тез дамытуға, экономиканы әртараптандыруға, соған байланысты тез әрі шұғыл нақты нәтижелі шешімдер қабылдауға мәжбүр етті. Соңғы 4 жылдың ішінде, әсіресе 3 жылда өңдеу өнеркәсібін дамыту бойынша республика аймақтарының ішінде алдыңғы қатардамыз. Мысалға, тек соңғы үш жылдың ішінде өңдеу өнеркәсібінің жалпыөңірлік өнімдегі үлесі 3 есеге өсті. Бұл мұнай мен газға тәуелді емес экономикалық құрылымды өзгертіп, әртараптандырып, соның арқасында тұрақты экономиканы қалыптастыруға жетелейді. Бұл ерекше маңызды. Елбасының индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының негізгі мақсаты – экономиканы әртараптандыру. Тек қана тау-кен, мұнай мен газ емес, басқа да өндірістерді дамыту. Төрт айдың қорытындысы бойынша барлық көрсеткіштер қарқынды, жақсы келе жатыр. Әсіресе ерекше атап өту керек, өңдеу өнеркәсібінің дамуы, инвестицияның көлемі және құрылыс. Аймақты дамытатын осы негізгі салалар. Құрылыс, оның ішінде баспана бойынша Астанадан біз екінші орында тұрамыз. Осыдан төрт жыл бұрын бүкіл Қызылорда облысы 274 мың шаршы метр тұрғын үй тапсырған болса, өткен жылы 576 мың шаршы метр тұрғын үй тапсырдық, ал биыл одан да көп болады деп күтілуде. Аудандарда да сондай қарқынды жұмыс басталуда, дарияның сол жақ жағалауында жаңа қаланың құрылысын бастап жатырмыз. Осының бәрі аймақтың макроэкономикалық көрсеткішін жақсартады, Сыр өңірінің қарқынды жақсы дамып келе жатқанын көрсетеді.

Жаңа өнеркәсіп орындарына қатысты да айтуға болады. Биылғы жылы біз көптеген өндіріс орындарының құрылысына кірістік. Ауылшаруашылық саласында да жақсы жетістіктерге жеттік. Биылдың өзінде ауылшаруашылық саласына инвестицияның көлемі 20 есе өсті. Оның ішінде егін шаруашылығы, мал шаруашылығы бар. Соның бәрі, әрине, өз жемісін береді. Мұнай өндірісі көлемінің азаюы себепті бюджет түсімі 45 пайызға азайып кетті. Егер 2013 жылы Қызылорда облысы Ұлттық қорға 500 млрд теңге қаржы бөлген болса, қазір ол көрсеткіш 7 есе қысқарып кетті. Соның өзінде де 2013 жылы облыс бюджеті 107 млрд теңге болған болса, қазір 200 млрд теңге көлемінде. Ол ненің есебінен? Біз жұмысты тиімді ұйымдастырып, Үкіметтен, орталық органдардан жақсы трансферттер алып, жобаларымызды дайындап, соны дәлелдеп қаржы түсірудеміз. Сонымен бірге, халықаралық қаржы ұйымдарынан да инвестиция тартуды ұйымдастырудамыз. 13 жобаға 230 млрд теңге көлемінде инвестиция тартудамыз. Оның ішінде Еуропалық қайта құру және даму, Ислам даму, Дүниежүзілік банктер бар. Бюджет қаражатын бөлу шектелгеніне байланысты қазір халықаралық қаржы ұйымдарынан инвестиция тартып, қиыншылықтарды сезбек түгілі даму үрдісіне шығып отырмыз. Осының бәрі қызылордалықтардың нәтижелі жұмыстарының нәтижесі.

– Шыққан биігіңізден түскен жоқпыз деңіз...

– Жоқ, қайта жақсы қарқында келеміз.

– Шағын және орта бизнес экономиканың негізі саналады. Біздің елімізде адамдарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында түрлі бағдарламалар қабылдануда. Соған қарамастан, бізде ШОБ өте баяу дамуда. Сіз қалай ойлайсыз, дағдарысқа қарсы шаралардың, ШОБ-ты дамытуға бағытталған бағдарламалардың тиімділігін арттыру үшін қандай шаралар қабылдау қажет?

– Елбасы бірінші кезекте кәсіпкерлікті жаппай қолдау мәселесін қойып отыр. Қазір міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізіліп жатыр. Бұл қажетті шешім бір жағынан күрделі мәселелер де туындатуы мүмкін. Бізде жұмыссыздар бар. Сондай-ақ, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар да бар. Егер олар сақтандыру жарнасын төлемесе, сақтандыру полисі болмаса, онда оларға кепілді дәрігерлік көмек қолжетімді болмай қалады. Олар жұмыссыз ретінде тіркелуі керек немесе өзінің ісін бастап, кәсіпкер ретінде тіркелуі қажет. Міне, сол жақтан жарналарын төлеуі керек. Мұның өзі бюджетке ауыртпалық әкелуі мүмкін, сондықтан біз шағын және орта бизнестің дамуына, адамдардың өз кірісі болуына мүдделіміз. Сол себепті шағын және орта бизнесті қолдауға қосымша шараларды қолға алуымыз қажет. ШОБ-ты қолдау, оған Ұлттық қордан қомақты инвестиция тарту бұл мәселені шешуге көмектеседі. Әрине, алғаш кәсіпкерлікті бастап жатқандар үшін қандай да бір жеңілдіктер болуы тиіс. Мәселен, Өзбекстанда бірыңғай салық секілді жақсы тәжірибе бар. Бизнесін жаңа бастағандар үшін бір ғана салық түрі бар. Алғаш ісін бастағандар аяғына тұруы үшін біршама уақыт керек. Мүмкін сол кезеңде салықтан босатқан да дұрыс болар. Бізде жұмыс істеп жатқан Өзбекстаннан немесе Орта Азияның басқа мемлекеттерінен келген еңбек мигранттары бар. Оларға қатысты белгілі бір шектеулер болуы керек. Өйткені біздегі «Жұмыспен қамту жол картасы», «Бизнестің жол картасы» секілді бағдарламалар көршілес елден келген еңбек мигранттарын ұстау үшін емес, бірінші кезекте өзіміздің азаматтарды жұмыспен қамту мәселесін шешуге арналған. Әрине, микробизнесті дамыту керек. Мәселен, Еуропа елдерінің ішінен өткен ғаламдық дағдарысқа қарсы мықты төтеп берген Германия мен Польша мемлекеттері. Әсіресе Польша. Өйткені олар «Микробизнес

туралы» заң қабылдаған. Оларда жеке кәсіпкерлікпен айналысатындармен 9 адамнан аз жұмыс істейтін кәсіпорындарға әжептәуір жеңілдіктер қарастырылған. Міне, осындай шағын және орта кәсіпкерлік нысандар өткен жаһандық дағдарыс кезінде Германия мен Польшада экономиканың тұрақтылығын ұстап тұра алды, сонымен бүгін де экономиканың негізгі тірегі болып отыр. Міне, осыдан үлгі алу керек. Біріншіден, адамдарда табыс көзін түсіретін жұмыс болуы қажет, сонымен қатар, белгілі бір мемлекеттік қолдау болуы тиіс. Біз жыл басында Қызылорда облысында шағын және орта бизнесті қолдаудың бірыңғай жол картасын қабылдадық. Мен барлық аудандарды аралап шығып, актив жиындарын өткіздім. Ауылдық округ әкімдеріне дейін түсіндірме жұмыстарын жүргіздім. Мысалы, бір ауылды алайық, онда 2 мың адам тұрады. Ол ауылда наубайхана, шаштараз, монша, басқа да қажетті нысандар жоқ. Біз ауыл әкіміне айтып отырмыз. Мемлекет қаржы бөліп отыр, неге айналыспасқа? Шаш алдыру үшін басқа жаққа, мысалы, 70-80 шақырым жердегі аудан орталығына бару керек пе? Ал ол ауылда 200-дей жұмыссыз немесе өзін-өзі жұмыспен қамтығандар бар. Айналысу керек. Президент шағын бизнесті, әсіресе жаңа жұмысын бастағандарға мол қаржы бөлдіртіп отыр. Міне, осындай жұмыстар бар. Соңғы екі жылда біздің облыс 5 және 7 млрд теңге шағын несие алды. Бұлар өз нәтижесін беруі тиіс. Бүгінде адамдар өз істерін бастап жатыр, олардың арасында біздің өңірге тән емес бизнес түрлері де бар.

– Өзіңізбен тікелей сұхбатты пайдаланып, көрермендеріміз өздерінің көкейіндегі сауалдарға жауап алғысы келетіні белгілі. Біздің тілшілердің аудандардан дайындаған сұрақтардың алғашқысы.

– Мен Ахметов Пернебек Жүнісұлы, Шиелі ауданы Тартоғай ауылдық округының тұрғынымын. Құрметті Қырымбек Елеуұлы, Шиелі ауданының тұрғындары ауызсу мәселесінде көптеген кешенді жұмыстар жүргізіліп жатқанын көріп қуанып жүрміз. Қазіргі таңда Шиелі ауданының халқы «Жиделі» топтық су құбырынан, жергілікті ұңғымалардан ауыз суды пайдалануда. Осы орайда Сұлутөбе, Бірлестік, «1 Мамыр», Тартоғай ауылдары тұрғындары атынан Кеңес Одағынан бері су ішіп келе жатқан, ескірген, тозығы жеткен шойыннан жасалған су құбырларын қайтадан жаңартылған ауыз су желілеріне ауыстырылуына ықпал етуіңізді сұраймын.

– Мен Қармақшы ауданы Жосалы кентінің тұрғынымын. Сіз облыс басшысы болып келгелі аудандарға газ қосу мәселесі шешіліп келеді. Әрине, ол үшін Сізге көп-көп рахмет айтамыз. Биылғы жылы Қармақшы ауданына газ қосылады деген хабарды естідік. Осыған байланысты айтып өтсеңіз...

– Азаматтар дұрыс, өзекті мәселелерді көтеріп отыр. Пернебек ағайды жақсы білемін. Елді мекендердің қажетті мәселелерін үнемі көтеріп жүреді. Бұл жолғысы да өте маңызды. Облыстық мәслихаттың өткен сессиясында Сұлутөбе мен Тартоғайдың су желілері жобасын жасауға қаржы бөлінді. Аманшылық болса, 3-4 айда жоба дайын болады. Содан кейін бюджеттен қаржы бөліп, құрылысына кірісеміз. Ал енді Бірлестік пен «1 Мамырға» байланысты жобаны дайындауды 2018 жылдың бюджетіне жоспарлаймыз. Кезең-кезеңімен бәрі болады деп ойлаймын. Ал жалпы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесін айтатын болсақ, облыста елді мекендердің 95 пайызы орталықтандырылған ауызсу желілерімен қамтамасыз етілді. Бұл республикадағы ең жоғары көрсеткіш. Ал қалған 5 пайызының 3 пайызын біз міндетті түрде шешеміз, ал қалған 2 пайызына орталықтандырылған су жүйесін тарту экономикалық тиімсіз. Өйткені халық аз тұратын шағын әрі шалғайдағы елді мекендер. Сондықтан оларға суды таситын боламыз.

Ал Қармақшыны газдандару мәселесіне келетін болсақ, қазір облыстың елді мекендерінің 63 пайызы көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Ал Жосалы, Жалағаш, Тереңөзек және Қызылорда қаласы маңындағы бірнеше елді мекенге әлі газ келген жоқ. Біз бұл жобаны да жалғастырып өткен жылы да шешіп жіберуге мүмкіндігіміз болды. Бірақ «КазТрансГаз» АҚ ол инвестициялық жобаны іске асыру үшін тарифті көтеру туралы ұсыныс берді. Қазір газ үшін 19 мың теңге төлеп отырмыз. Енді оны 24 мыңға көтерсек, халықтың қалтасына ауыр тиетін болды. Газды алып келгенмен де, оны пайдалану қиынға соғатын болды. Сондықтан халықтың жағдайымен санаса отыра олардың ұсынысына келіспедік. Оны бюджеттен шешуді ойлап, Үкіметке бұл жобаны дәлелдеп, қорғап, Энергетика министрлігінде «Казмұнайгаз» ҰК-да бекіттік. Биыл Жосалыға 560 млн теңге қаржы бөліп, автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысын бастап жатырмыз. Ендігі жылғы бюджетте жоспарланған, 980

млн теңге бөлініп, Жосалының көгілдір отынға қолы жетеді. Ал аржағындағы елді мекендерге ауданнан газды жеткізу үшін 2,7 млрд теңгеге Энергетика министрлігіне ұсыным берілді. Ол өз ретімен шешіледі деп ойлаймын. Жалағаш пен Тереңөзекке келетін болсақ, Энергетика министрі Қанат Бозымбаев мырзаны биылғы облыс әкімінің есепті кездесуіне арнайы шақырдым. Сонда келіссөздер жүргізіп, хаттамаға қол қойғанбыз. Соның аясында қазір жұмыс жүріп жатыр. Министрлік пен әкімшіліктің бірлескен жұмыс тобының қорытындысы осы маусым айында шығады деп отырмыз. Бәрі ойдағыдай дұрыс болса, онда жылдың аяғына дейін Жалағаш пен Тереңөзекті газдандыру мәселесіне де кірісіп кетеміз деген ойдамын. Сонымен бірге, тағы бір жоба бар. Қараөзекте «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырындағы үлкен компрессорлық станция бар. Аманшылық болса, биыл үлкен стратегиялық маңызы бар жоба басталуы мүмкін. Сол Қараөзектен Астанаға қарай үлкен газ құбыры тартылатын болады. Бұл үлкен кәсіпорын, ол жерде көптеген жұмыс орындары ашылады. Бұл – біздің экономикамызға инвестиция. Біздің тұрғындарға жұмыс орны болады. Сосын олардың міндетті түрде әлеуметтік жобалары болмақ, әлеуметтік дамуымызға да өзінің үлесін қосады деп ойлаймын.

– Жаңа ауызсуға қатысты ақпаратты бердіңіз. Енді мол суға қатысты ақпаратты берсеңіз. Биыл мол су біраз өңірлерді әбігерге салды. Жасыратыны жоқ, біздің Сырдария бойында да 56 елді мекенге қауіп төнді. Табиғаттың тосын сыйына төтеп беру жолында өзіңіз басы-қасында болып, алдын алу шараларын жүргізгеніңіздің куәсіміз. Дегенмен, халықтың көкейінде әлі де бір күдік бар. Мол су тағы да келуі мүмкін бе, әлде қауіп сейілді ме?

– Сырдария суы қалыптасатын Қырғызстан аумағында қар мен жаңбыр көп түсті. «Шардара» мен «Көксарай» толып тұрды. «Арнасайдан» да су қабылдауға мүмкіндік болмады. Сондықтан судың көлемі 3 есе өсіп кетті. Қызылорда облысы мұндай көлемдегі мол суды 48 жыл бұрын көрген екен. Секундына 1800-

2000 текше метр су жүрді. «Шардарадан», «Көксарайдан» келе жатқан, сосын Арыстан қосылатын су осының бәрі бізге үлкен салмақ болды. 56 елді мекенге, 84 мың үйге, 357 мың тұрғынға, 257 мың мал басына су қаупі тікелей төнді. Сондықтан 4 ауданда – Шиелі, Сырлария, Жалағаш, Қармақшы аудандарында төтенше жағдай жарияладық. Бұл жұмысқа 230 техника мен 2 мыңдай адам жұмылды. Осы мүмкіндікті пайдалана отыра, жергілікті тұрғындарға, әсіресе су шаруашылығының ардагерлеріне рахмет айтқым келеді. Елді мекендердің техника жүре алмайтын кейбір тұстарында халықтың өз қолымен жұмыс істеді. Сонда ақ

ӨРЕЛІ БЕЛЕСІ

жаулықты аналарымыз асардағы сияқты бауырсағы мен палауын пісіріп, шайын қайнатып, үлкен ауызбіршілік көрсетті. Бізде керемет дәстүрлер бар. Елбасы «Сыр – Алаштың анасы» десе, кейде тарихшылар «Сыр – Алаштың панасы» дейді, судың қауіпті қысылтаяң кезінде қасиеттілігімізден айырылмағанымызды көрдім. Үлкенді-кішілі бәрі бірігіп, әкім де, ардагер де, мектеп оқушысы да, бәріміз жұмылып, осы қауіптің алдын алдық. Менің ұсынысым бойынша мәселелер Премьер-министр Б.Сағынтаев мырзада қаралды. Соның бір шешімі ретінде Шиелі ауданында «Күміскеткен» су қоймасын салу туралы мәселе. Ол өте табиғи ыңғайлы жер, 600 млн текше метр суды жинақтауға болады. Көктемде жинап, дарияда судың аз кезінде тиімді пайдалануға болады. Өткен жылдары үрлемелі су тоспасын Жаңақорған мен Шиеліде салдық. Су аз болса да, 60 мың гектар жерді сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге болады. Екінші, осы жағдайға байланысты Ұлы Отан соғысынан кейін салынған «Қызылорда» су торабын жөндеу, жаңғырту мәселесін де қозғадық. Сонымен, «Күміскеткен» су қоймасын салуға 2,2 млрд, «Қызылорда» су торабын жөндеуге 2,3 млрд теңгені Үкіметте қолдау таптық. Сондықтан, «жаман айтпай, жақсы жоқ» дегендей, осы қиыншылықтарды пайдаланып, Үкіметтің алдында көкейтесті мәселелерімізді қойып, тиісті қаражатты шешіп алдық.

– Қазір сауалын жолдағысы келген көрермен бізді тосып тұр екен.

– Мен Қармақшы ауданының тұрғыны Талғат Еркебаевпын. Менің сұрағым, Жалағаш, Жосалы автожолындағы көпір мен су өткізу құрылғысы тасқын су салдарынан бұзылған болатын. Сол себепті 2 аудан аралығындағы жол қатынасы бізге қиындық туғызып отыр. Осы жол қатынасы қашан қалпына келтіріледі екен?

– Дұрыс, жақында ғана мен өзім сол жолда болдым. Жолға жоба жасалынды, оның құрылысына өткен аптадағы облыстық мәслихаттың сессиясында қаржы бөлінді. Ол жерде әлі де су жатқаннан кейін құрылысты бастай алмай отырмыз. Шамалы уақыттан кейін құрылысқа кірісеміз. Құрылысшылар 1,5 айдың ішінде барлық құрылыс жұмыстарын бітіреміз деп отыр. Аманшылық болса, солай болады.

– Астанада өтетін «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесі қарсаңында тұрмыз. Көрмеге қызылордалықтар да баруға ниетті. Біздің Виталий Савченко атты көрерменіміз «Жазғы демалыс кезінде Астанаға жолаушылар тасымалдауда қиындықтар туындамай ма? Қосымша рейстер бола ма?» деген сауалын жолдапты.

– Бұл мәселені «Астана ЕХРО-2017» ҰК-мен, Инвестиция және даму министрлігімен бірге талқыладық. Көрме кезінде «Қызылорда – Көкшетау», «Қызылорда – Петропавл» пойыздарына қосымша 36 вагон жалғанады. Бұл қосымша 486 орын. Оған қоса Қызылорда облысынан 50 мың адамды көрмеге апарып, орналастырып, аралатуды жоспарлап отырмыз. Жалпы 75 мыңнан астам жерлестеріміз Астанадағы ауқымды шараға баруға ниет білдірген. Үкіметке Байқоңыр ғарыш айлағы мен Қорқыт ата ескерткіш кешенін көрме туристері келетін нысандар қатарына енгізу туралы ұсынысымыз қабылданды. Қазір Ресей тарапының да келісімін алдық. Туристер Алматы мен Астанадан таңертең чартерлік рейстермен ұшып келіп, ғарыш айлағы нысандарын тамашалайды. Түс ауа «Қорқыт ата» кешеніндегі этноауылда қазақтың тұрмыс-салтымен танысады. Кешкісін қайта ұшып кетеді. Бұл туристер үшін өте қолайлы.

– Қазір Ресей өзінің Плесецк, Восточный ғарыш айлақтарын дамытып жатыр. БАҚ-тарда көрші елдің Байқоңырдағы әскерилерді және кешенді ұстап тұруға кететін шығындарды қысқартып жатқаны туралы мәліметтер бар. Қазірдің өзінде нысандардың 56 пайызы пайдаланылмайды. Кейбіреулерінің пайдалану мерзімі өтіп кеткендіктен жарамсыз күйге түскен. «Байқоңыр» ғарыш айлағының болашағына қатысты қандай жоспар бар?

– Академик Аганбегянның есептеулеріне қарағанда, «Байқоңыр» ғарыш айлағын салуға Кеңестер елінің ішкі жалпы өнімнің 5 пайызға жуығы жұмсалған. Ондағы нысандардың басым бөлігі кезінде әскери мақсатта болды. Ресей тарабы әскери нысандарын өз аумағына көшірді. Ал халықаралық ғарыш станциясымен байланыс Байқоңыр арқылы жүзеге асып жатыр. Екі ел арасында ғарышты игеруге қатысты келісім бар. Әрине, Байқоңыр аумағын тиімді пайдалану керек, оны болашақта үлкен қоқыс алаңына айналдыруға болмайды. Елімізде Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі құрылғалы бері Байқоңыр негізінде жаңа кәсіпорындар, технопарктер ашу туралы ұсынысымызды білдірдік. Айлақта ракета тасымалдаушылар мен спутниктер құралған аумағы «Лужники» стадионындай монтаждау сынақ корпустары бар. Қазір бұлардың барлығы бос тұр. Оған инвестиция салып, дайын инфрақұрылымды тиімді пайдалану керек. Байқоңырдың екінші тынысын ашу үшін берген ұсынымызды Елбасы жан-жақты қолдады. Қазір Байқоңыр қаласы мен оған іргелес жатқан Ақай және Төретам ауылдарын дамытудың жоспары бекітілді. Мұнда шағын және орта бизнесті дамыту үшін кейбір нысандарды арендадан шығардық. Бүгінде 14 нысан коммуналдық меншікке өтуде. Бұл бағдарлама таяуда үкіметаралық комиссия отырысында талқыланбақ. Алдағы маусым айының 6-7 күндері өтетін мәжілісте 15 мәселе қаралады. Оның жартысынан астамы Қызылорда облысының экология, халық денсаулығы, жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелеріне байланысты.

Абай ауылының тұрғыны: – Отбасымда 5 балам бар. Медициналық сақтандыру жарнасын менің жұмыс орным төлейтін болса, 18 жасқа толмаған балаларыма мемлекет төлейді екен. Балаларымның анасы үй шаруасында. Сол себепті дәрігерлік көмек алмай қала ма?

– Әлеуметтік медициналық сақтандыру реформасын біздің жерлестеріміздің қадағалап отырғанына қуаныштымын. Мұның үш жолы бар. Жұбайыңыз өзі 1400 теңге төлеп, сақтандыру полисін ала алады. Екінші жолы – жұмыссыз ретінде тіркеліп, әлеуметтік қолдау шараларына қатысады. Бұл жағдайда жарнаны мемлекет төлейді. Кәсіпкер ретінде тіркеліп, тапқан пайдасынан заңнамаға сәйкес өзі 2 пайызын төлейді. Бұл – үшінші жол.

– Бізге келіп түскен сұрақтардың қатарындағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры Қазыбай Құдайбергеновтің сауалын оқып беруге рұқсат етіңіз. Сіздің 90-жылдары біраз уақыт барлық дерлік әлеуметтік саланы біріктірген министрлікті басқарғаныңызды білеміз. Соңғы 20 жылда әлеуметтік салада көптеген реформалар мен трансформациялар жасалды. Осы ретте, әлеуметтік саланы жетік білетін маман ретінде бүгінде осы салада қандай мәселелерді айтып өтер едіңіз?

– Әлеуметтік мәселелер – күрделі мәселелер, сондықтан бір сұхбат барысында барлығын қамту өте қиын. Біз соңғы кезде әлеуметтік қолдау шараларына көп мән береміз де, экономикалық белсенділікті арттыруды кейінге қалдырудамыз. Ал, Елбасы Еңбек қоғамын құру туралы көптеген ой-пікірін айтқан жоқпа? Бізде көптеген мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өзі қоғамға пайда келтіруге мүдделі. Масылдыққа салынбай, үкіметтік емес ұйымдар ретінде тапсырыс алып, пайда тауып отырғандар бар. Сондықтан әлеуметтік қолдау шараларына біржақты қарамай, экономикалық белсенділікті арттыруға тырысуымыз керек. Айтпақшы, жақында мүгедек кәсіпкерлердің форумын өткіземіз.

Кезінде Білім және ғылым министрі болған соң, білім – маған ерекше жақын сала. Білімге бүкіл қоғам жұмылып қолдау көрсеткенді жөн деп есептеймін. Халқымыздың үкілі үміті мен асыл арманын жүзеге асыратын – болашақ ұрпақ. Оларды оқытуды, тәрбиелеуді бәсекелестікке сәйкестендіру барлығымыздың парызымыз. Сондықтан дарынды балаларды, инновациялық мектептерді қолдауда көптеген бағдарламаларды да іске асырып жатырмыз. Бірақ, мені қала мен ауыл мектебі арасындағы айырмашылық, алшақтық алаңдатады. Елімізде халықтың 60 пайызы ауылда тұрады. Ауылдағы білім ошақтары 50, 100, 120, 200 орындық шағын комплектілі. Осы мектептерге көбірек көңіл бөлінуі керек деп есептеймін. Жақында Білім және ғылым министрінің қатысуымен бірнеше мектепті ашамыз. Бір күнде Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарында 8 мектепті, 2 балабақшаны ашу жоспарымыз бар. Осыдан 3 жыл бұрын облыста 37 апатты жағдайдағы мектеп бар болса, соның 25-і қайта салынды. Қалған 12 мектептің 8-ін тапсырамыз, соңғы 4 мектепті, бұйырса, тамыз айында жаңа оқу жылы қарсаңында пайдалануға береміз. Сонда Қызылорда облысындағы апатты жағдайдағы мектептер мәселесі толығымен шешіледі. Ауылдағы мектептерге инновациялық технологияларды енгізуге, материалдық-техникалық базасын нығайтуға, сонда сабақ беретін ұстаздардың біліктілігін арттыруға ден қою керек. Өйткені, қаладағы инновациялық мектептерді қолдай отырып, ауылдағы мектепті де ұмытпауға тиіспіз.

Әлеуметтік мәселелердің ішіндегі ерекше алаңдататыны – маргинал жастарға қатысты түйткіл. Олар көбіне ауылдық мектепті үйтіп-бүйтіп орташа деңгейде бітіреді. Мамандығы, кәсіби біліктілігі жоқ. Еңбек нарығында бәсекеге сай емес. Базарда жүріп, біреудің арбасын қашанғы сүйремек? Олар тығырықтан шығар жол таппай, қажетті әлеуметтік қолдау шараларына кезікпеген соң, қылмыскерлердің артына немесе дәстүрлі емес діни ағымдарға еріп кетеді. Облыстық жастар басқармасын, жастар ресурстары орталығын құрып, барлық аудандарда бөлімшелерін аштық. Оларға тек 4 пен 5-ке оқитын, үлгілі, белсенді жастармен ғана емес, әлгіндегі айтқандай, маргинал жастармен айналысыңдар деп тапсырдым. Болашаққа сенімін нығайтайық, көмектесейік. Өмірден жолын табуына септігімізді тигізейік. Осы тектес әлеуметтік мәселелерге орталық та, жергілікті билік те ерекше көңіл бөлу керек деп ойлаймын.

Мысалы, арнайы тағайындалған облыс әкімінің 500 гранты көпбалалы, тұрмысы төмен отбасынан шыққан, мәндайы жарқыраған, бірақ ата-аналарының мына тұрған қалаға да балаларын оқытуға жағдайы жоқ ауыл балаларына беріледі. Грант иегерлерінің ішінде басшылардың, жағдайы бар кәсіпкерлердің балалары болмауын өзім қадағалап отырмын. Талабы таудай балаларға қолдау жасасақ, олар өмір басында әлеуметтік әділеттілік барын сезінеді ғой.

Ал, Мәскеу мен Санкт-Петербургта біздің жолдауымызбен оқып жатқан жастар жоғары техникалық білім алған соң елдің игілігіне жұмыс жасайды деп үміттенеміз.

Call-орталық сұрақтары. Журналист-сарапшы Жолдасбек Ақсақаловтың атынан келіп түскен сұрақты оқып беруге рұқсат етіңіз.

– Ақпан айының басындағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Сіз бюджетаралық қатынастарды жетілдіру туралы ұсыныс айттыңыз. Осы орайда нақты қандай шараларды ұсындыңыз? Ол ұсыныстар орталықтан қолдау табуы мүмкін бе?

– Республикалық және жергілікті бюджеттің әрқайсысының өз заңдылықтары бар. Біздің облыстық бюджет негізінен жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықтан құралады. Корпоративті табыс салығы бізде жоқ. Мысал ретінде айтайын, шыны зауыты құрылысына 36,7 млрд теңге қаржы бөлінген. Аманшылық болса, желтоқсан айында құрылысын бітіреміз. Өндіріс іске кіріскесін түсетін салық көлемі бар болғаны 223 млн теңге, яғни бізді ынталандырмайды. Сондықтан Үкімет жергілікті аймақтарды өз бюджетін дамытуға ынталандыру керек деген ұсыныс айттым. Корпоративті табыс салығы жаңа құрылыс, жаңа өндірістен түседі. Бұрын 15 пайызы жергілікті бюджетке, 85 пайызы республикалық бюджетке кететін. Қазір 100 пайыз республикалық бюджет иелігіне өтетін болды.

Мысалға, корпоративтік табыс салығының 15 пайызын алатын болсақ, өзімізде жаңа жұмыс орындарын, өндірістерді дамытуға ынталы боламыз. Субвенциялық аймақтардың донор аймақтардан айырмашылығы – өз бюджетін, салықтық базасын дамытуға экономикалық ынтасы жоқ, тек тапсырмамен жұмыс істеп жатыр. Бізді ынталандыратын болса, бюджетімізді өсіріп, өндіріс орындарын ашар едік. Экономикалық стимулға сәйкес аймағымыздың көкейтесті мәселелерін Үкіметтің алдына қоймай-ақ тез шешуге тырысар едік. Оның үстіне Елбасы жергілікті басқаруды дамыту мәселесін алға тартып отыр. Саяси реформа аясында, Президент өзінің көптеген өкілеттіліктерін Үкімет пен Парламентке берді. Үкімет пен орталық мемлекеттік органдар көптеген құзырын жергілікті атқарушы билікке өткізді. Осы оңтайлы кезеңде жергілікті бюджеттердің, атқару органдарының экономикалық стимулын арттыру керек деп ойлаймын.

Тимур Атағұлов: – Сіз өз командаңызға кадрларды қалай іріктейсіз, яғни кадрлық шешім қабылдағанда таңдаған адамыңыздың қандай қасиеттеріне мән бересіз?

– Ең бірінші кәсіби біліктілігіне мән беремін. Ғалымдар адамзаттың ақпараттық базасы Иисус Христос пен Леонардо да Винчиге дейінгі 1800 жыл аралығында бірінші рет жаңарды дейді. Қазір бұл процеске 2 апта ғана жеткілікті болып отыр. Сондықтан жедел шешім қабылдайтын, кәсіби білігі жоғары, істің көзін білетін, білімді адамдар керек. Кейбір адамды жақтырмауын да мүмкін, бірақ ол профессионал болса, оған бірінші кезекте басымдық берілуі тиіс. Әрине, мемлекеттік қызмет болғандықтан моральдық жағынан оның заңдылықтарына сай болуы керек. Шындығына келгенде, мемлекеттік қызметкер – салық төлеушінің жалдаған адамы. Атқарушы билікті халық жалдаған. Бізге, сірә, әрдайым «халық» деген қожайынымыздың бар екенін ұмытпауымыз керек.

– Аймақта нарық сұрасына сай мамандарды дайындау үшін мақсатты жұмыстар атқарылуда. Біздің жастарымыз Сіздің қолдауыңызбен Ресейдің іргелі оқу орындарында оқу мүмкіндігіне ие болды. Қазір бізбен байланыста – Мәскеу.

Мәскеуден болат және қорытпалар институтының бір топ студенті байланысқа шықты.

– Дәуіржан Оразбаев, Мәскеу болат және қорытпалар институты электроника және наноэлектроника мамандығының 3-курс студенті: – Сіз жастармен кездесулердің бірінде «егер біз көшбасшылыққа таласқан елдер арасында алдыңғы қатардан көрінгіміз келсе, білікті, білімді болуымыз керек» деген едіңіз. Елдің көркеюіне үлес қоссам деген тілекші жастардың шет мемлекеттерде жоғары оқу орындарында білім алуына мүмкіншілік көп. Қазір Мәскеу мен Санкт-Петербургта 400-ге жуық студент білім алуда. Бізге үлкен үміт артып, армандарымыздың орындалуына жол ашқан Сізге алғысымыз шексіз.

Айжан Ниязбек, Материалтану және материалдар технологиясы мамандығының 1-курс студенті: – Біз Мәскеудегі 300-ден астам қызылордалық бір отбасының балалары сияқтымыз. Біздің университет Ресейдегі үздік 50 жоғары оқу орны рейтингінде 13-орында тұр. Әлемдегі ең озық ғылыми орталықтарымен әріптестік орнатқан. Біз осындай оқу орнында оқуға мүмкіндік жасаған Сізге алғысымызды білдіреміз. Біз университеттің қоғамдық өміріне белсене араласамыз. Еліміздің өркендеуі жолына бар біліміміз бен үйренгеніміздің жұмсаймыз деп уәде береміз.

– Қазір мектеп бітіруші түлектер үшін мүмкіндік өте мол. Қызылордалық жастар Ресейдің іргелі жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік алып отыр. Олардың өзіңізге деген алғысы шексіз. Осы күні 4000-ға жуық студент «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойынша солтүстік өңірлерде білім алып жатыр. Бүгін оңтайлы сәтті пайдаланып, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде оқып жатқан бір топ қызылордалық студент бізбен байланысқа шықты.

Бақдәулет Қасымбек, Қостанай университетінің студенті: – Біз «Серпін» бағдарламасы бойынша оқып жатқанымызға қуаныштымыз. Таяуда облыстық жастар басқармасының мамандары келді. Олар арқылы бізге тілекші, жанашыр болған Сізге алғысымызды жолдаған едік. Дәл қазір жүрекжарды лебізімізді өзіміз білдіретін мүмкіндік туды. Сабағымызды жақсы оқып, мақсатымызға жету жолында аянбай тер төгіп, еліміздің дамуына үлес қосамыз деп уәде береміз. «Серпіндіктер» атынан алғысымыз шексіз.

– Үлкен рахмет! Шынында толқынысты сәт. Себебі елдің ертеңгі тізгінін қолға алар жастарды тәрбиелеу – парызымыз. Байқап қарасаңыз, қазір барлық 16 облыстың ішінен білім саласына ең көп қаржы салып отырған – Қызылорда облысы. Мәселен, Астанада республикалық бюджет бар, қаланың және арнайы экономикалық аймақтың да бюджеті бар, барлық орталық мемлекеттік органдардың бюджеті бар. Бірақ соның ішінде біз барлық мүмкін қаражатты білімге салып отырмыз. Өйткені білім – болашаққа бағытталған инвестиция. Мәскеудегі жастармен кездесудің бірінде бір студент «Құрметті әкім мырза, сәл уақыттан соң біз елге оралып, туған жерді дамытып, түлетуге бар күшімізді салатын боламыз» деп айтқан болатын. Біз де сол Мәскеудің, Санкт-Петербургтың рейтингі жоғары, мәндайалды университеттерінде білімін шыңдап жүрген, мамандығын жоғары технология мен үздік әдістемелер арқылы терең меңгерген студенттерін күтеміз. Негізгі капитал – осы талапты, отансүйгіш, рухы биік жас ұрпақ. Сондықтан, білім сапасын көтеру – мәртебесі биік, маңызы зор, жалпыұлттық мүдде деп біледі. Сол елдің үкіметіндегі әріптестеріме рақмет айтқым келеді. Бір кездері Ресейде 2 жарым жыл уақыт Қазақстанның елшісі қызметін атқардым. Премьер-министрдің орынбасары, Үкімет аппаратының басшысы Приходько Сергей Эдуардович, сол кездегі Білім және ғылым министрі Дмитрий Ливанов мырзалардың көмегі арқасында қазір 400-ге жуық қызылордалық студент жыл сайын жоғары техникалық мамандықтар бойынша оқып жатыр. Ал жастарға тың серпін сыйлаған "Серпінге" қатысты айтар болсақ, бұл үкіметтік бағдарлама да бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды көздейді. Студент Бағдәулет Қасымбектің жоғарыда айтқанындай, мұнда ел экономикасының келбетін келістіретін, электроника және нанотехнология, материалтану және материалдар технологиясы секілді заман ауанына қажетті мамандықтар оқытылады. Мұндағы білім грантына қызығушылық танытқан әрбір жастың көздегені – тек қана диплом алу емес, теорияны оқи келе, өндіріске тікелей араласып мықты маман ретінде қалыптасу. Жоба мақсаты нақты, міндеті нық, талабы зор жастарды қолдайды. Сондай-ақ, біз бұрындары Астанаға қатысты жиі айта бермейтінбіз. Бірақ бір кездері Елбасы «Еділден айырылған қазақ, Есілден де айырылмасын» деп астананы Алматыдан Сарыарқаның төсіндегі Ақмолаға көшірді. Осы тұста Тұңғыш Президенттің ерлігі болмаса, біз 3-4 аймақтан да айырылып қалуымыз мүмкін болғанын айту керек. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының аппаратында қызмет атқарған кездері бірге Мәскеуге іссапарға аттандық. Сол іссапар аясында өткен баспасөз-конференциялардың бірінде Ресейлік журналистер Елбасынан «Сіз неге астананы Ақмолаға көшірудесіз?» деп сауал жолдады. Сонда Президент «Алматы-Қытайға, ал Астанаға Ресей жақынырақ. Мен сіздерге жақын болғым келеді» деп жауап қатты. Жеме-жемге келгенде Елбасы сол қиын-қыстау кезеңде ұлттық мүддені биік қойып, бабаларымыздың найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған жерін сақтап қалды. Қазақтың мақтанышы, ғаламдық саясатта ерекше орын алып отырған – Астананы салды. Оңтүстік халқын солтүстікке қоныстандыру бағдарламасына ден қойды. Осының барлығы атқарылған байыпты істердің бір парасы ғана. Ендігі кезекте жарқылдаған жастарымыздың алдыңғы шептен көрініп, қазақ мемлекетін әлемдік өркениетті елдер қатарына енгізуге ұмтылатынына сенім білдіреміз.

6-бет

ӨРКЕНДЕГЕН ӨҢІРДІҢ

– Редакциямызға Арал ауданы, Қосжар елді мекенінің тұрғыны Азамат Төлегеновтен сауал түскен екен. Хаттан оқығанымыздай, Азамат биыл мектеп бітіруші түлектер қатарынан. Облыстағы тыныңғы лагерьлерінде дайындығын пысықтаған көрінеді. Алайда, ол «ЖОО-ға түсе алмай қалған жағдайда қандай мүмкіндіктер қарастырылады, колледждерге грант бөлінеді ме?» деген сұрақтарға жауап алғысы келеді екен.

– Азаматтың алаңдамауына болады. Себебі талпынса, алдына нақты мақсат қойса. барлығына қол жеткізеді. Ал егер оқуға түсе алмай қалатындай жағдай болып жатса, өздеріңіз білесіздер. Елбасы биыл Жолдауында «Жалпыға бірдей тегін кәсіби-техникалық білім беру» атты жаңа жоба іске асырылатынын айтты. Бұл жоба кәсіптік білім беруді оңтайландыру арқылы жұмыссыздық жайын төмендетіп, ішкі сұранысты қамтамасыз етуді мақсат етеді. Жаңа заманның техника тілін меңгеруге қанаттандырады. Үкіметтің 2017-2020 бағдарламасы аясында біз де тиісті мемлекеттік тапсырысты бердік. Сондықтан Азамат аудан орталығындағы колледжге барса, мемлекет есебінен өзінің таңдаған мамандығы бойынша тегін білім ала алады. Осыдан төрт ғасыр бұрын Абылай хан «Білектің заманы өтті, біліктінің заманы келе жатыр, дайынбысың әлеумет?» деген екен. Ұлы Абай да «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деген. Елбасы, Тәуелсіз елдің негізін қалаушы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та біліктіліктің, білім рөлінің ерекше екенін айтуда. Елбасы «Келешекке – кемел біліммен» деді емес пе?! Біз алдымызға отыз өркениетті елдің қатарына кіреміз деген үлкен мақсат қойдық. Ол үшін экономика ғана емес, әрбір азаматымыз да бәсекеге қабілетті болуы керек. Халқымыздың асыл арманын, үкілі үмітін іске асыратын балаларымыз бәсекеге сай болуы керек. Білімінің, кәсібилігінің арқасында алда тұрған заман шақыруларына дайын болып, мақсатына жетуге мүмкіндік алу керек. Азаматқа алға ұмтылып, биік белестерге жетуіне тілектестік білдіреміз.

– Өзіңіз айтқандай, Сыр елінің экономикасы соңғы уақытта мұнайға байлаулы, тәуелді емес. Бізде қазір азық-түлік, металлургия, химия өркендеп келе жатыр. Бір сөзбен айтқанда, аграрлы аймақтан индустриалды аймаққа айналудамыз. Облыста Индустрияландыру бағдарламасы аясында қандай жұмыстар атқарылып жатқанын, өңірдің экономикалық тұрақтылығын сақтау мақсатында экономиканы әртараптандыруға айрықша маңыз берілгенін көріп жүрміз. Осы бағытта атқарылған жұмыстарға бір сәт ойыссақ. Соңғы төрт жылда облыста 16 жаңа өндіріс орны іске қосылып, өңдеу өнеркәсібіндегі өсу 60 пайызды құраған. Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айында өнеркәсіп кәсіпорындарымен 236, 3 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, еңбек өнімділігі 6 есеге, жалпы өңірлік өңдеу құрылымындағы өңдеуші сектордың үлесі 3 есеге артқан көрінеді. Үстіміздегі жылы Индустрияландыру бағдарламасы аясында 37,6 млрд теңгені құрайтын 2 жобаны іске қосу жоспарлануда. Нәтижесінде 284 жұмыс орны құрылатын болады. 11 шағын аудан бой көтеріп, 6600 адамға жер телімдері тапсырылды. Баспана құрылысы да қарқынды жүруде. Биылғы жылдың 4 айында 236,2 мың шаршы метрді құрайтын тұрғын үй пайдалануға берілді. Бас жоспарға сәйкес, Сырдария өзенінің сол жағалауын жоспарлы игеру жұмыстары басталды. Ол алдағы уақытта 90 мыңнан астам халықты тұрақты орналастырып, 15 мың адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік бермек. Күріштің өнімділігін арттыру есебінен одан алынған өнім соңғы төрт жылда бірнеше пайызға артқан екен, балық өнімін экспорттау да 3 есеге өскен. Қызылорда қаласы мен 4 аудан орталығы газдандырылып, тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету жобасы да сәтті жүзеге асты. Осы тұста әлемдегі индустриалды революцияның ұсынған өзгерістері өмірімізді түптеп өзгертетініне сенім білдіресіз бе?

– Оған еш күмән жоқ. Себебі индустриалды революция – XXI ғасырдың жаһандық шақыруы. Адамды мұқтаждықтан шығаратын, алысты жақындатып, баяуды тездететін, ауырды жеңілдететін – ақыл-ой жемісі. Осының нәтижесінде дүние дамуында өнеркәсіптік революциялар бірінің орнын бірі басты. Қарап отырсаңыз, қазір адамзат 3D принтер көмегімен ірі жаңалықтар жасауда. Тіпті осы биопринтер көмегімен жасанды ет шығарғандар да бар. Естеріңізде болса, бірінші индустриалды революция Англиядағы текстиль өнеркәсібінен басталды. Екіншісі Генри Фордтың Детройттағы зауыттар конвейерлерін құруымен есте қалды. Техника, технологиялар дамуы арқасында байланыс пен ақпарат саласы алға шығып, цифрлық байланыс құралдары өмірге келді. Осылайша, үшінші индустриялық революция алға басты. Алғашқы робототехникалар дүниеге келді. Оның соңынан автоматтандыру, кибер-физикалық жүйе әлем ауанын мүлдем басқаша өрбітті. Сарапшылар үшінші индустриялық революцияның шарықтау шегін компьютерлендірумен қатарласқан интернетпен байланыстырады. Расында, ғаламтор дүниені өзгертті. Бүгінде осы қарқын төртінші өнеркәсіптік революцияны тудырып отыр. Жуырда белгілі экономист Клаус Шваб дәл осы төртінші өнеркәсіптік революция жайында еңбек жазды, онда ол аталған революцияның беретін жемісі мен қандай жетістіктерге жеткізетіні жөнінде баяндаған. Естеріңізде болса, қалта телефонын шығаратын «Nokia» компаниясы уақыт өте келе нарықта қалыс қала бастады. Себебі компания менеджерлері нарық өзгерістері мен жаңадан туған концепцияларды ескермеді. Ал «Apple», «Microsoft» секілді компаниялардың ісі алға басты. Сондай-ақ, қазір SpaceX, Tesla Motors компаниясының негізін құрушы Илон Масктың инновациялық жобалары дүниеде үлкен сұраныска ие болуда. Кәсіпкер бүгінде ғарышты бағындыру мақсатында үшінші компаниясын ашты. Ол Марсты бағындыру жөніндегі идеяның жақтаушысы ретінде «қызыл ғаламшардың» дербес экожүйесін құруға негіз болатын арнайы жылыжайларды жобалауға кіріскен. Мұның барлығы әлемдегі сұраныстың өзгергенін, уақыттың тым шапшаң жүріп жатқанын аңғартады. Биылғы Президент Жолдауының өзегі де осы төртінші индустриялық революцияға қамданудың қамынан туындайды. Сондықтан бізге ахуалды еңсере алатын, сандық технологияны меңгерген, адами капиталды құру үшін жағдай жасауға қауқарлы мемлекеттік және қоғамдық институттардың, әділ бизнестің тығыз интеграциясы қажет.

– Облыс басшылығына келген тұстан бастап аймақ экономикасын әртараптандыру бойынша жемісті жұмыс жүргізудесіз. Соның бірі – индустрия саласын қамтитын металлургиялық кластер құру. Облыста елімізде баламасы жоқ жобалар қолға алына бастады. Жалпы «Баласауысқандық», «Шалқия» кен орындарын игеру жүйесі біздің облысқа не береді?

– «Баласауысқандық» ванадий кен орнына қатысты айтсақ. Өткен жылы Лондонда сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының отырысында кен орнында «қара тақтатасты автоклавты қайта өңдеу» инвестициялық жобасын жүзеге асыру жөніндегі келісімге қол қойылды. Нәтижесінде жобаның II және III кезеңдерін 125 млн

5-бет

АҚШ доллары көлемінде инвестормен қаржыландыру туралы шешім қабылданды. Жақын арада шығатын өнімдер Жапония еліне сатылмақ. Ал «Шалқияда» полиметалл кен орнын жерасты әдісі арқылы игеру жобасы екі кезең бойынша жүзеге асады. 2018 жылы жылдық қуаты 2 млн тоннаға дейін жететін кеніш салынады, ал 2020 жылы тау-кен өнеркәсібінің өндіріс көлемі 4 млн тоннаға дейін ұлғаяды. Өндірілген өнім ТМД елдеріне және алыс шет мемлекеттерге жіберіледі. Бүгінде жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзір, Еуропа қайта құру және даму банкі арқылы қаржыландыру тетіктері пысықталды. Ендігі жылы экспорттық әлеуеті мол, халықаралық нарықта бәсекеге сай өнім шығаратын өндірістерде 20 шақты мәскеулік студент, металлургтар келіп жұмыс жүргізетін болады. Осы үшін біз металлургия саласындағы көрнекті ғалым Шахмардан Есеновке алғыс айтуымыз керек. Ұлы геологтың есімін ұлықтау мақсатында биыл да бірқатар шаралар қолға алынып, күз айына қарай 90 жылдық мерейтойы аталып өтіледі деп жоспарлануда. Академик ағамыз кезінде кітапшасына "Қараташтың бөктері, Жаңақорған мен Шиелінің жері керемет бай. Сол байлыққа ие болсақ, шіркін-ай!" деп жазған екен. Біз сол ұлы тұлғаның арманына қанат бітіріп жатырмыз деген ойдамын.

– Ендігі кезекте кәсіпкер Санжар Амангелдиевтің хатымен таныссақ. Санжар өз сауалында Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауындағы үшінші басымдықты қозғаған екен. Нақтырақ айтсақ, телекөрермен "Елімізде қаржы секторын қайта жаңғырту, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қандай шараларды қолға алу керек?"деген сұраққа жауап алғысы келеді екен.

– Елдің макроэкономикалық тұрақтылығында қаржы секторын дамыту, оны экономиканың басты кредиторы ретіндегі міндетін қайтару – басты мақсат. Бұл басымдық аясында Елбасы ақша-несие саясатының ынталандырушы рөлін қалыпқа келтіруді және экономиканы қаржыландыруға жекеменшік капитал тартуды атап өтті. Үкімет пен Ұлттық банк алдына іске асырылуға тиіс бірқатар міндеттер қойды. Ұлттық қордан алынатын трансферттерді қатаң регламенттеуді тапсырды. Бір сөзбен айтқанда, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін ұлттық валюталық бағамға түзету жасау, инфляциялық үдерістерді жоспарланған дәлізде ұстау және инфляция өсуін тоқтату секілді шараларды қолға алу керек.

– Тікелей эфирде тағы бір көрермен қоңырау шалған екен. Қала тұрғыны Нақыпбек Жұманұлы «Ел экономикасының локомотивіне айналатын шыны зауытының құрылысы қазір жүріп жатыр ма?» деген сұраққа жауап алғысы келеді екен.

– Шыны зауыты – жоғары технологиялық өндірістік жоба. Біріншіден, біз зауыт құрылысының Сыр елінде қарқын алуына ерекше қолдау көрсеткен Елбасыға алғыс айтуымыз керек. Өйткені аталған жоба Ақтөбеден бізге ойысты. Бұған дейін құрылысты жүргізетін компания төңірегінде шу шыққаннан кейін біз мердігер компанияны ауыстыруға мәжбүр болдық. Жуырда «Orda Glass» ЖШС мен қытайлық China Triumph International компаниясы арасында құны 37 млрд теңгені құрайтын жобаның құрылысын аяқтау туралы келісімге қол қойылды. China Triumph International Қытайдағы ұлтық жобалау мен зерттеу, инженерлік жобаларды басқару саласындағы үздік 50 компанияның қатарында екенін айту керек. Құрылыс-монтаж жұмыстары желтоқсан айында аяқталып, іске қосылады деп жоспарлап отырмыз. Бастысы, бізде шыны өндірісіне қажетті барлық шикізат шығып отыр. Сырттан әкелінетін тек кальцийлендірілген сода еді, оны да болашақта «Арал тұз» кәсіпорны шығаратын болады.

– Сондықтан елдің болашағына сеніп қызмет жасау керек. Елбасынан үлгі алайық. Кезінде Президенттің алдында Жарлық тобында екі мәселе жатқан болатын. Оның біріншісі – Қызылорда облысын жабу, тарату. Екіншісі – Арал тұрғындарын басқа аймаққа көшіру. Елбасы Сыр елін қолдады, тікелей көмек жасады, «қиыншылықты бірге жеңеміз» деді. Сол сенімнің арқасында қазір осындай жетістікке жетіп отырмыз. Сондықтан Президентіміз «Нұр Отан» партиясының съезінде «Тәуелсіздік кезінде Қазақстанның жеткен жетістіктерін бір ғана Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық даму жағынан көруге болады» деп айтып жүргені сол.

– Облыс тұрғыны Мұсаева Айгүлден келген сауалды оқып беруге рұқсат етсеңіз. «Облыстың ауыл шаруашылығын дамыту бағытында «Агрокарта» әзірленгенін білеміз. «Агрокартаның» берер ықпалы қандай, нәтижесі не болмақ?». Осы жөнінде айтып берсеңіз...

– «Агрокартаны» жасаған себебін айтайын. Біз бірінші Қызылорда облысының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуіміз керек. Осы мәселені шешу үшін, егін және мал шаруашылығын дамытуымыз қажет. Екінші, жан-жағымыздағы нарықтарда қандай сұраныстар бар. Біз осыны ескердік. Мысалға, Еуропалық Одақта неге сұраныс артуда. Ортаазиялық мемлекеттерде ше? Иран, Түркия, Қытайға не қажет? Осының барлығын ескере отырып жасалған шара. Артық күрішті егудің қажеті жоқ. Біз соңғы жылдары 7 мың гектарға күріш көлемін егуді азайтып, тұқым сапасына байланысты жұмыс істегеннен кейін, рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізіп келеміз. Облыс бойынша жалпы көрсеткіш гектарына 56 центнерден болса, жеке шаруашылықтар 80 центнерден асыра алды. Біз нарықтың ұсынысына сұраныс беретіндей жобаны жасадық. «Агрокарта» арқылы біз біліп отыратын боламыз. Енді тек бір мәселе шешімін таппай отырған болатын. Яғни, ет өнімдерін сыртқа шығаруға біздің аймаққа рұқсат жоқ еді. Өйткені, аусыл ауруы себепті буферлік аймақта тұратын едік. Жақында бұл мәселе де шешілді. Халықаралық бюроның сарапшылары келіп, тексеріп оң нәтижесін шығарды. 27 мамырда Парижде халықаралық бюроның конференциясы өтеді. Сонда буферлік аймақтан шығу жөнінде шешім қабылданады. Осыдан соң 100 пайыз ет өнімдерін экспортқа шығаруға да қол жеткіземіз. Бұл дегеніміз, мал шаруашылығы саласында көптеген үлкен жобаларды іске асырып, ет-сүт өнімдерін өңдейтін комбинаттарды салып, шаруашылықтар қарқынды дамитын болады деген сөз. Сондықтан «Агрокартаның» беретіні өте көп болмақ.

– Сіз егістікке берілетін субсидияны сақтап қалдыңыз. Көрермен Айдарбек Сағалаев, мал шаруашылығына қатысты субсидияға орай сауалын жолдайды. Яғни өнімділікті арттыру мен сапасына қатысты төленетін субсидия жайында. «Ережеге сай, қатты және шырынды жем-шөпке, түйе және жылқы өнімдеріне субсидия облыс бюджетінен бөлінетіні белгілі. Осы қолдауыңызға сізге алғысымды білдіремін. 2013 жылдан бері қатты және шырынды жемшөпке 1 млрд теңге қаржы бөлінді. Осының арқасында мал шаруашылығы оң нәтиже көрсетіп келеді. Бірақ, биылғы жылы қатты және шырынды жем-шөпке, шұбат және қымыз өндірісіне облыстық бюджеттен қаржы қарастырылмапты. Мал шаруашылығы – АӨК-нің басты саласы. Осыған орай, сізден өтінерім, осы салаға қосымша қаржы қарастыруға ықпал етуіңізді сұраймын.

– Айдарбектің сұрағы орынды. Бұл мәселені біз шешеміз. Бұл жерде Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісімге келуіміз қажет. Жуырда 3-ші Малшылар слетіне арнайы шақыртуымызбен Премьер-Министрдің орынбасары, Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметов келді. Осы сапарда біз министрмен келістік. Яғни, облыстық бюджеттен субсидияға қаржы бөлуді Үкімет пен министрлікте талқылануын сұрадық. Бұл мәселені қайта қалпына келтіруге күш салатын боламыз. Айдарбекте күмән қалмасын, шаруашылығын дөңгеленте беруіне тілектеспін.

– Әлгінде ғана, өзіңіз айттыңыз. Маргинал жастардың дәстүрлі емес діни ағымдарға түсіп кетуі негайбыл деп. Қала тұрғыны Нұрболат Ахметов «әлемдегі діни ахуал күрделеніп тұр» деп сауал жолдайды. «Жат ағымға түсіп кетуден сақтанудың бірден-бір жолы қоғамды діни сауаттандыру. Осы бағытта облысымызда қандай жұмыстар бар?» деген сауалын жолдапты.

– Мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің жақсы сөзі бар. «Дін деген, ұстай алсаң – қасиет, ұстай алмасаң – қасірет» деген, Сондықтан, біз өз ата-бабамыздың көрсеткен жолымен жүруіміз керек. Сыртқа көп еліктей бермей, Бас мүфтидің бекіткен діни жоралғасын ұстануымыз керек. «Нұр Мүбәрәк» Ислам мәдениеті университетінде 60-тан астам қызылордалық жас оқып жатыр. Олар барлық салада білім алады және жоғары деңгейде дінтанушы мамандығын игереді. Осы азаматтардың 11-і жақында оқуларын бітіріп, елге келіп жұмыстарына кірісіп жатыр. Оларға тиісті қолдаулар болады. Қасиетті дініміздің аясында ұрпағымызға дұрыс бағыттағы рухани тәрбие беруіміз керек. Имандылыққа, адами құндылықтарға, ізгілікке шақыратын, оны дұрыс түсіндіре алатын мамандар керек. Ол үшін, бірінші кезекте, мешіттердегі кадр мәселесін шешуіміз қажет. Бізде дін мәселелерімен айналысатын орталықтар, министрлік бар. Орталықтардың әр ауданда бөлімшесі бар. Олар діни жолда қателесіп жүрген жандармен, тұрғындармен түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Мәселен, «жиһад» деген басқа дін өкілдеріне, ұлттарына қарсы күрес емес қой. Ол жаратушының бар екеніне сенбеушілікке қарсы күрес, жауапкершілікке шақыратын ұстаным. Бірақ кейбіреулер олар оны басқаша ойлайды. Сондықтан осындай жұмыстарды жоғары деңгейде жүргізу үшін дінтанушы мамандарымыздың біліктілігі өте жоғары болуы керек.

– «Әкім сағаты» бағдарламасы тікелей эфирде жүріп жатқандықтан, келесі кезекті тұрғындар қоңырауына берсек. Саламатсыз ба, біз сізді тыңдап отырмыз.

Телефон: – Қала тұрғыны Мұнарбаева Тұрсынкүл Мұнарбаевна. Облыста азаматтарға берілетін жер телімі қалай жүруде және кезекті азайту мүмкін бе?

– Біріншіден, тұрғындарға жерді беру үшін бас жоспарын, толық инфрақұрылымын жүргізу керек. Өйткені жер алған адам кейін үй салғасын басқа да проблемаларға тап болмауы тиіс. Яғни, су, газ, электр, жол мәселелерімен сергелдеңге түспеуі керек. Сондықтан біз бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарап, талқыладық. Осы уақытқа дейін 110 мыңға жуық азамат тіркелген екен жер кезегіне. Соңғы 13-14 жылда жер телімдері берілмеген. Тек былтыр берілді. Мәселен, Қызылордада 980 гектар жерді беру үшін біз 2013 жылы жердің геологиясын зерттедік, келесі жылы бас жоспарын жасап, бекіттік. Оны Үкіметте қорғап 2016 жылдын бюджетіне енгізіп, 9,2 млрд теңге қаржы алдық. Осының арқасында 6 мыңнан астам жер теліміне жерлестеріміз ие болды. Бүгінде ол азаматтар ешқандай қиындықсыз баспаналарын сала береді. Өйткені ол жерге барлық инфрақұрылымды жасап бердік. Сондай-ақ, жуырда Жосалы кентінде берілген жер телімдерінде де осындай жағдайлар жасалды. Жер беру жұмыстары жүйелі жүргізіле беретін болады. Жыл сайын кезекте тұрғандардың 15-20 пайызын қамтып отыратын боламыз. Бюджет кірісіне орай бұл жұмыстардың ауқымы кеңейе беретін болады. Екі-үш жылдың көлемінде жер кезегінің санын едәуір азайтатын боламыз. Және соңғы жылдары Қызылорда қаласында 818 жер телімі заңсыз алынғаны белгілі болды. Біз облыстық прокуратурамен бірлесіп жұмыс істеп, азаматтардың осы үйлерін қайта заңдастыру алгоритмдерін қарастырып, жұмыс атқардық. Негізгі жұмыстар аяқталды. Оның тиімдісі енді тұрғындардың баспаналары сүрілмейді. Тек үй салған тұрғындар белгілі айыппұлдарын ғана төлеп, үй-жайларын заңдастырып алды. Әрине, шектен шығып кеткен 54 құрылысты тоқтатуға тура келді.

– Әңгімемізді осы жерден үзе тұрып, Call-орталығымен тағы да бір байланысқа шығып көрсек...

– Бекзат, тұрғындардың белсенділігі қалай?

Call-орталығы: – Дәл қазір Call-орталығында жұмыс қызу жүріп жатыр. Сайтқа секунд сайын сұрақтар түсуде және тұрғындар үсті-үстіне қоңырау шалуда. Хабар басталғалы бері әрісі – Арал, берісі Жаңақорған аудандарынан 300-ге жуық тұрғын хабарласты. Олардың 85-і тұрғын үй беру мәселесіне, 20-сы жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру мәселесіне, 65-і коммуналдық шаруашылыққа қатысты сауалдарын жолдаған. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы, білім және денсаулық сақтау саласына, жер мәселесіне қатысты сұрақтар да Call-орталыққа келіп түсуде. Сондай-ақ, бойында жалыны мен дарыны бар жастардан да хаттар келіп түсуде. Өз кезегінде олар облыстың ғылым-білім әлеуетін, облыс орталығын абаттандыру жұмыстарының алдағы жоспарын білгісі келеді. Біздің орталыққа, әріптесіміз Ержан Байтілес мырзадан хат келіп түсті. Өз кезегінде Ержан Айтөреұлы аймақ басшысына салмақты сауал жолдады. Хат мәтінін оқып өткенді жөн көріп отырмын.

«Биыл Алаш қозғалысына – 100 жыл. Алғашқылардың бірі болып облыс орталығында Алаш ардақтыларын еске алуға арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өткіздік. Оған қатысып, өз пікірімізді білдірдік. Осы тұста менің бір ұсыныс-пікірім бар. Биылдан бастап Сіздің бастамаңызбен қаламыздың сәулетін арттыру бағытында сол жағалау құрылысы басталуда. Енді осы сол жағалаудан өскелең ұрпаққа мұра ретінде Алаш ардақтыларының аллеясын орнатып кетсеңіз. Бұл жас ұрпақ үшін жасалған жарқын істердің бірі болар еді»,– дейді Е.Байтілес.

– Ержанның айтқан ұсынысы дұрыс. Алаш ардақтылары қазақ тәуелсіздігін армандады. Жанын, ғұмырын арнады. Сол үшін репрессияға ұшырады. Бүгінде Алаш ардақтыларының арманы орындалды. Біз олардың алдындағы парызымызды орындаймыз. Жаңа қалада Алаш арыстарына арналған ескерткішті ашуды қолдаймын. Міндетті түрде тапсырма беремін. Ендігі жылы Қызылорда қаласының 200 жылдығы болады. Кезінде маңызды шешім қабылдайтын ең үлкен мекеме – Қазақ атқару орталығы, яғни КазЦИК осы Қызылордада болған. Сол кезде қырғыз-қайсақтарды «қазақ» деп атаймыз деген тарихи шешім тура осы біздің Қызылордамызда, КазЦИК ғимаратында қабылданған. Сондықтан, жаңа жылға дейін КазЦИК-тің ғимаратын салатын боламыз. Архивтен чертеждарын тауып алдық. Онда, бұйырса,

ӨРЕЛІ БЕЛЕСІ

Қызылорда мұражайын ашамыз. Ол облыс орталығына, бас шаһарымызға арналған үлкен сыйымыз болады деп ойлаймын. Сондықтан, Ержанның айтқанын қолдаймын.

– Қоңырау шалған тағы да телекөрерменіміз бар.

Телефон: – Саламатсыз ба? Арал ауданындағы «Қызылжар» көпір мәселесі бойынша Қызылжар елді мекені тұсындағы Сырдария өзеніндегі паромның орнына қашан көпір салынады екен?

– Оған бюджеттен қаржы қаралған. Облыс мәслихатының депутаттары мәселе көтерді. Көпір құрылысы биыл басталады. Тамыз айында конкурсы өтіп, қыркүйек айында басталуы тиіс деп ойлаймын.

– Кезекті жиналыста Сіз «Сыртынан қарасаң қала, ішіне кірсең ауылға ұқсайды» деп едіңіз. Бүгінде көп нәрсе өзгерді, қала жаңа кейіпке енді. Сіздің пікіріңіз өзгерді ме?

– Әрине. Әдепкіде, өзімнің қалам болғандықтан сыртқы келбеті үлкен ауылды елестеткені ұнамады. Маған бірде Еуразиялық университетінің студенті хат жазды. Онда группаластарымен шекісіп қалғаны жайында, яғни Қызылорданы, «Кызыл-дыра» қала емес үңгір сияқты деп атағаны үшін кикілжің болғаны айтылған. «Мен оқу бітіргесін Қызылордамды көркейтуге атсалысатын боламын» деген еді. Оның атын айтпай-ақ қояйын. Ол қазір оқуды жақсы бітіріп, елге келіп бір облыстық басқармада жұмыс істейді. Осындай елжанды, патриот жастарымыз көп болса



деймін. Кейде мен жұмыстан кешкі 10-11-де шығамын. Сонда түнгі қалаға қарап, сұлуланып келе жатқанына көз жеткіземін. Кең, жарық көшелер, жаңа мөлтек аудандар мен нысандар, қаламызды ерекшелендіріп тұрады. Бүгінде барлық ескі көзқарастар өзгеруде. Сырттан келген қонақтар да Қызылордамыздың қайта түлеп, жасанып келе жатқанына куә болғандарын айтып жатыр. Соңғы 2-3 жылда 11 жаңа мөлтек аудан салынды. Былтыр 80 көпқабатты үйдің құрылысы жүрді. Биыл да жыл соңына дейін алпыстан аса үй салынады. Сол жағалауға салынатын жаңа қала құрылысы басталды. Сондықтан тек менің ғана көзқарасым, пікірім емес - барлығы да Қызылордамыздың қайта түлеп жатқанына куә болып жатыр. Астанаға қарап бой түзеп, жасарып, жаңаруда.

– Өткен аптада тарихи сәттің куәсі болдық. Біз сол жағалауды игеруге кірістік. 18 тұрғын үй мен балабақшаның іргетасы қаланды. Яғни, жаңа қаланың, жаңа Қызылорданың іргетасы қаланды. Сіз мыңдаған қызылордалықтардың арманын жүзеге асырып жатырсыз. Бұл жобаға күмәндана қараған жандар да болғаны бар. Сіз әрқашан алға қойған мақсаттарыңызға жетуге осылай күш саласыз ба?

– Халыққа уәде бердің бе, бар күш-жігеріңмен орындауға тырысу керек. Біз алғаш жаңа көпірді пайдалануға бергенде қуанышымызда шек болған жоқ. Бұл жаңа қала және өзгеше қала болады. Сол жағалауда ыңғайлы, негізінен жайлы 3-5 қабатты үйлер салынады. Шығыстық архитектурада, қазақы оюлармен безендіріледі. Жақында Өзбекстанда болған іссапарда Самарқанда өз жобамызды үлкен мақтанышпен таныстырдық. Мәселен, Регистандағы салынған үш нысанның екеуін Самарқанның әмірі Жалаңтөс баһадүр, бірін Әмір Темірдің немересі Ұлықбек салған. Енді осы сәулеттік өнерді біз де пайдаланатын боламыз. Өйткені Жалаңтөс баһадүр өзіміздің бабамыз, Сырдың бойынан шыққан қолбасшы батыр.

– Біздің Call-орталыққа көптеген сұрақтар түсуде. Тыңдап көрсек.

Телефон: – Қайырлы кеш! Біздің облыс орталығы халықаралық «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» көлік дәлізінде тұр. Сондай-ақ, республикалық маңызы бар «Қызылорда - Жезқазған» тас жолы бойында орналасқан. Көрші Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарында тұрақты қатынайтын автобус жүйесі дамыған. Бізде Ақтөбе қаласына қатынайтын автобус маршруты ашыла ма?

– Автобус қатынасы ашылады. Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаевпен арада келісім бар. Министрліктен рұқсат алдық. Екінші жартыжылдықтан бастап автобус маршруты тұрақты түрде қатынайтын болады.

– Заман талабына қарай дамыған өзге салалармен қатар мәдениет саласына да жан-жақты көңіл бөлінуде. Соңғы жылдары біз білеміз, өнер ұжымдарының сырт жерлерге, тіптен алыс-жақын шетелдерге гастрольдік сапармен шығып, Сыр өнерін таныстыруға мүмкіндіктер молайды. Осындай өнерге деген қолдау алдағы уақытта да жалғасын таба ма?

– Міндетті түрде. Бүкіл түркі әлемінің абызы – Қорқыт ата, сақтардың ордасы – Шірік-Рабат, Оғыз империясының ордасы – Жанкент, Қыпшақ империясының ордасы, қазақ хандығының орталығы болған Сығанақ, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда. Осының барлығы – үлкен тарих, үлкен мұра. Сондықтан біз мәдени мұраларымызды насихаттау үшін облыс әкімі жанынан ғылыми-әдістемелік кеңес құрдық. Оның мүшесі кезінде марқұм Әбіш Кекілбаев болды. Қазір құрамында Олжас Сүлейменов, академик Карл Байпақов, археолог, профессор Зейнолла Самашев сынды елге белгілі тұлғалар тоқсан сайын жиналып, ұсыныс-пікірлерін айтады. Осыған орай бюджеттен тиісті қаржы бөлініп, мәдени мұраларды насихаттау жұмыстары жүргізіліп келеді. Сосын кеңестің жанында арнайы Дала комиссиясы бар. Ол археологиялық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп отырады. Қорқыт атаның мұрасын Дүниежүзілік ЮНЕСКО-ға кіргізу жөнінде негізгі жұмыстарды бітірдік. Бізді ТҮРКСОЙ ұйымы, Қырғызстан, Әзербайжан және тағы басқа мемлекеттер қолдады. ЮНЕСКО мәдени мұрасына енгізсе, «Қорқыт ата» кешені Тәж-Махалмен қатар тұрады ғой. Екінші, мәдени ұжымдарымыз сыртқа шығып, өзгелермен тәжірибе алмасса, өнерлері шыңдалады. Жақында Әзербайжан мемлекетінінің Баку қаласында Қызылорда облысының мәдени күндері өтті. Әзірбайжан мәдениет министрі хабарласып, дәстүрімізге, мәдениетімізге тәнті болғанын жасырмай айтты. Сондай-ақ, Н.Бекежанов атындағы драма театры Лондон қаласында Дулат Исабековтің пьесасына жазылған сахналық қойылымды ағылшындар назарына ұсынды. Бұл дегеніміз – үлкен жетістік! Лондондық көрермендер тұрегеліп тұрып қол шапалақтап, құрмет көрсетті. «Сыр елі – жыр елі», дейді. Біз өндіріс жағынан өзге өңірлерге жол беруіміз мүмкін, бірақ рухани-мәдени жағынан біз алғы шекте ньюсмейкер болуымыз керек. Жиенбай, Нұртуған, Нартай мектептерін дамытып, рухани жетістіктерімізді жалғастыруымыз қажет. Сондықтан болашақта көптеген жобаларымыз бар. Оған Елбасының рухани жаңғыру мәселелері бойынша көтерген ұсынымдары тірек, қолдау болды.

– Сұхбаттасуға дейін де мәдениет саласын қолдау және мәдени мұрамызды қорғау бағытында телекөрермендерден бірнеше сауал келіп түскен болатын. Солардың ішінде археолог-магистрант Ислам Құрманиязов «Елбасының «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты мақаласын мемлекеттік бағдарлама десе де болады» деп баға бергеніңізді басылым беттерінен оқыдым. Аталған саяси құжатқа сәйкес аймақта қандай жұмыстар қолға алынуда? «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы аясында Қазақстанның сакральдық белдеуі объектілерін зерделеу және насихаттау бойынша облыс көлемінде қандай жұмыстар жүзеге асырылмақ? – дейді.

– Ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға және мәдени мұраны насихаттауға Елбасының мақаласы ерекше мүмкіндік беріп отыр. Тағы да қайталап айтайын. Біз өндіріс, ауыл шаруашылығы салаларында үлкен жетістіктерге қол жеткізудеміз. Ал руханият мәселесінде, қазақтың мәдени жобаларын жүзеге асыруда да біз міндетті түрде алдыңғы қатарда болуымыз керек. Осы бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыруда саяси құжатта көрсетілген «Туған ел», «Туған жер» бағдарламалары үлкен қолдау болары сөзсіз. Рухани жаңғыруда Сыр өңірі өз-өзін ерекше көрсетуі тиіс деп есептеймін.

– Алаш ардақтыларының аллеясын орнату туралы ұсынысты қабыл алдыңыз. Осы орайда бүкіл түркі әлеміне танымал Алаштың арысы – Мұстафа Шоқайдың 125 жылдығын ел болып атап өттік. Сонымен қатар, биыл облыс орталығынан ескерткіші бой көтеріп, тау тұлғамыз ортамызға қайта оралғандай әсерде болдық. Бірақ, Ресейдің кейбір БАҚ өкілдері Мұстафа Шоқайдың қайраткерлігіне қатысты теріс пікірлер айтып жүр. Осыған қатысты сіздің ойыңыз қандай?

– Мұстафа Шоқай – тарихи тұлға. Бұл мәселеге біржақты қарауға болмайды. Сол замандағы жағдаймен санасуымыз керек. Сондықтан ол кісіні ақ деуге де, я қара, я қоңыр деуге де болмайды. Бұл – қарабайыр позиция. Ол кісі қазақ елінің өз алдына тәуелсіз мемлекет болуын армандады. Бірақ, Алаш ардақтысы башқұрттар да, татарлар да, қазақтар да тәуелсіздігін жариялағанымен, Қытай және Ресей империяларымен бәсеке болып, кең-байтақ жерімізді

сақтап қалу және өзінің саяси мүддесін жүзеге асыру қиын болады деп есептеді. Сондықтан түркі әлеміне ортақ туыстас халықтар «Түркістан» деген бастамамен бірлесуі керек деген ойға келді. Барлық ұлттың мүддесі өз шешімін табуы үшін бауырлас елдер бірігуі қажет деп есептеді. Менің ойымша, Мұстафа Шоқайдың арманы орындалды. Тәуелсіз еліміздің көк байрағы биікте желбіреп, Елбасымыздың сарабдал саясатының арқасында түркі әлемінің қауымдастығы құрылып, олардың жетекшісі ретінде көшбасында біздің Президентіміз жүр. Түркі әлемінің мәдени жобаларын жүзеге асыратын «Түрксой» деген ұйым дүниеге келіп, академия да ашылды. Осының барлығы туыстас елдердің ауызбіршілігі мен ынтымақтастығына жұмыс жасап, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени рухани байланыстар одан әрі нығаюда.

– Қазір бізге телефон арқылы өз сауалдарын жолдауға телекөрермендер байланысқа шығуда. Солардың біріне кезек берсек...

Азамат Молдабаев, Қармақшы ауданының тұрғыны: – Сіз облыс әкімі болғалы мектеп, балабақша, мәдениет үйлері мен медпункттер құрылысы сапалы әрі қарқынды жүргізілуде. Құрылыс саласындағы қарқынды жұмыстарға жергілікті тұрғындар да өз ризашылығын білдіруде. Бірақ, шалғай елді мекендерде апатты жағдайдағы шағын мектептер бар. Барлық аудандарда балалардың жазғы тынығу лагері жұмыс жасайды. Алайда, Қармақшы ауданында жазғы тынығу лагері жоқ. Осы мәселені шешуде алдағы жоспарыңыз қандай?

– Облыста 37 мектеп апатты жағдайда болатын. Қазіргі таңда осы мәселені шешу мақсатында 25 жаңа мектеп салдық. Енді қалған 12 білім ошағының 9-ын маусым айында іске қосуды жоспарлап отырмыз. Ал қалған үшеуі тамыз айында жүзеге асады. Нәтижесінде қыркүйек айында облыста апатты жағдайдағы мектептер толықтай өз шешімін табады деген ойдамын. Ал, жазғы тынығу лагеріне қатысты мәселені біз облыс әкімдігінде қараған болатынбыз. Жыл сайын облыстық бюджеттен көктемде қаржы бөліп, лагерьлерге жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Мұнан соң 3 ай балалар демалысынан соң тағы да жөндеу жұмысына қыруар қаржы бөлетін едік. Біз осы мәселенің алдын алу үшін тұрақты түрде жұмыс жасайтын, балаларды оқытып әрі денсаулығын да нығайтатын орталықтар жасау қажет деп шешім қабылдадық. Арал ауданында мұнайшылармен келісіп, Қамбашта үлкен орталық салдық. Қазір барлық аудандарда осындай лагерьлер ашылып жатыр. Қармақшы ауданына келетін болсақ, лагерьге бюджеттен қаржы бөлінді. Жақында қысы-жазы жұмыс жасайтын 150 орындық орталықтың құрылысы басталады. Бұл лагерьлерде балалар ҰБТ-ға дайындалып, ұстаздар біліктілігін арттырады. Сонымен қатар, білім саласына қатысты әртүрлі семинар-кеңестер

өтеді. Арасында мүмкіндігіне қарай, ардагер ұстаздардың да тынығуына жағдай жасалады. Облыстық білім басқармасының қадағалауымен осы лагерьлер тұрақты түрде қызмет көрсетеді.

– Тікелей эфирге жиі келіп түскен сұрақтардың көбісі Арал экологиясына қатысты болып отыр. Тұрғындар сізден өңірдің экологиялық жағдайы туралы білгісі келеді. Қоршаған ортаны жақсарту бағытында қандай шаралар қолға алынуда? Сонымен қатар, мамыр айының соңғы күндері өтетін «Арал – 2017» форумында күн тәртібіндегі қандай мәселелер ортаға салынады? Жалпы, форумнан аймағымыз не күтеді?

– Соңғы жылдары Аралдың экологиялық мәселесіне көп көңіл бөлінбей отыр деп есептейміз. Президент Әкімшілігіне және Үкіметке осы мәселені көтеріп, қауіпсіздік кеңесімен бірлесе облыс әкімдігі халықаралық «Арал – 2017» форумын өткізуді жоспарлап отырмыз. Себебі, теңіздің тартылуы салдарынан тұз Антарктидаға дейін барып жатыр. Осындай жағдайлардың денсаулыққа зияны бар екенін мойындауымыз керек. «Байқоңыр» ғарыш айлағының да денсаулыққа зияны әлі толыққанды зерттеліп біткен жоқ. Зерттеу жұмыстарын одан әрі жалғастыру керек. Арал теңізінің құрғап қалған аумақтарында фитоорманмелиорациялық жұмыстары да тоқтамау керек. Экологиялық ортаны адамның өмір сүруіне қолайлы аймаққа айналдыруымыз қажет деп есептеймін. Арал өңірінің тұрақты дамуы мақсатында халықаралық ұйымдарды, Арал халықаралық қорын шақырып, осы форумды өткізуді жоспарладық. Менің ойымша, бұл форумға үлкен көңіл бөлініп отыр. Осы мәселелер негізінде біз аталған форумды жыл сайын Қызылордада өткізуді қажет, кешенді жобалар жүзеге асуы тиіс деп есептейміз. Бұл үшін әуелі оларды жобалай қаржыландыруымыз қажет. Осыған дейін де өңірде аталған мәселеге қатысты үлкен кеңестер өткен. Осындай келелі жиындарды тағы да ұйымдастыру қажет. Алдағы форум өңірдің экологиялық, әлеуметтік мәселесін шешуге өзінің үлесін қосатыны сөзсіз.

– Телефон арқылы байланысқа шығып тұрған телекөрерменіміз бар екен. Сауалын тыңдасақ...

Айдос Садыров, қала тұрғыны: – Қазіргі таңда қала орталығында жабық және ашық спорт алаңдары болғанымен, шеткі аймақтардағы жастардың спортпен айналысуы үшін әлі де осындай нысандардың жетіспеушілігі байқалады. Оқудан тыс уақытта орталықта орналасқан кешендерге қатынауға тура келеді. Алдағы уақытта шет аймақтардан спорт нысандарын ашу жоспарда бар ма?

– Біз жақында бұл мәселені қала әкімімен бірлесе қараған едік. Қаланың шеткі аймақтарында 4 спорттық кешен салу жоспарымызда бар. Алдағы уақытта ол нысандар де іске қосылады деп ойлаймын. Ал енді сол жағалауда орталық стадион мен басқа да спорттық нысандарды салу көзделіп отыр.

– Сіздің ойыңызша, облысымызда қандай күрделі мәселелер бар? Осы сауалға аймақ басшысы емес, облыс тұрғыны ретінде жауап берсеңіз...

– Бізде, өкінішке орай, ертеден келе жатқан масылдық жаман әдеттің сарыны әлі де байқалады. Кеңес Одағы кезінде қазақ ұлты үшін бірқатар жақсы өркендеу мен өзгерістер орын алды. Білім алдық. Өнеркәсіп саласы дамыды. Дегенмен де, алаңдататын да мәселелер бар. Адам кейде өзінің тағдырына өзі ие екенін ұмытып, барлығын мемлекеттің мойнына жүктегісі келеді. Мұны масылдық көзқарас дейді. Ал ол өз кезегінде еліміздің, облысымыздың, қаламыздың дамуы болашағына әсерін тигізері анық. Ал енді масылдық көзқарастан қалай арыламыз? Кей кездері тепсе, темір үзетін азаматтар ата-анасының зейнетақысына күн көріп жатады. Жұмыс жасауға құлқы жоқ. Менің жеке қабылдауыма әлеуметтік мәселелер бойынша 4-5 баласы бар бір келіншек келді. Одан неге жолдасың жұмысқа шықпайды деп сұрасам, құлықсыз дейді. Осындай мәселелер біздің жанымызға батады. Басқа аймақтармен салыстырғанда, біздің облыста шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысу көрсеткіші әлі де төмен. Кәсіппен айналысамын деушілерге мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып отыр. Қажетті ресурстар, қаржымен қамтамасыз ету толықтай өз шешімін тауып, бірқатар жоба қолға алынғанымен, кейбір елді мекендерде халық сұранысына сай шағын және ортакәсіпкерлік субъектілері тарапынан көрсетілетін қызмет болмай отыр. Сондықтан, кәсіпкерліктің дамуына билік бастамашы болып отыр. Әркім өз тағдырының қожайыны екенін ұмытпауы тиіс. Мемлекет барлық жағдайды жасап отыр. Мысалы, кәсіппен айналысамын деушілерге барлық аудандарымызда индустриалдық аймақтар бар. Үкімет тарапынан жарияланған бірқатар бағдарламалар бар. Біздің өзімізде «Қызылорда» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы мен кәсіпкерлік палатасы бірлесе ашқан аймақтық инвестициялық орталық бар. Қазіргі таңда қаржылық қолдаулардың барлығы шешілгенімен, кәсіпкерлікпен айналысамын деушілер жеткіліксіз. Осыған байланысты әсіресе жастарды кәсіппен айналысуға шақырамын.

Алшынбай Тұрсанов, Жаңақорған ауданының тұрғыны: – Біздің ауданның көптен бері шешілмей келе жатқан мәселесі – ауызсу тапшылығы. Аудан халқымен кездесуіңізде аталған мәселенің түбегейлі шешілетінін айтқан едіңіз. Жақсы жаңалығыңызды халық үлкен қуанышпен қарсы алды. Осы бағыттағы жұмыстар қай уақытта жүзеге асырылады?

– Осы мәселені шешу мақсатында жалпы құны 4 млрд теңгенің жобасы жасалды. Биылғы жылы бюджеттен 915 млн теңге қаржы бөлінді. Қалған қаражат 2018 жылдың бюджетінде шешілген. Қазіргі таңда мердігер мекемені анықтайтын конкурс жүруде. Мердігер мекеме қолға алынған күннен бастап осы бағыттағы жұмыстар жүзеге асырылады. Жоба аясында 2 жылдың ішінде 193 км жерге су құбырын тарту жұмыстары жүргізіледі. Бұйыртса, Жаңақорған ауданы халқы да сапалы ауызсуға қол жеткізеді деп ойлаймын.

– Біздің тікелей эфирге берілген уақытымыз да өз мәресіне жетті. Негізінен 2 сағат деп жоспарлаған едік, қазір 2,5 сағаттай уақыт өтіпті. Енді қалай айтып кетпейміз? Сіз туралы, сіздің отбасыңыз туралы білгісі келетіндер де көп ғой. Біз бірқатар сауал жолдап, қысқа әрі нұсқа жауап күтеміз өзіңізден. Мектепте қай пәнді ерекше сүйіп оқыдыңыз?

– Физика, математика, тарих және әдебиет.

– Жалпы, барлық армандарыңыз орындалды деп есептейсіз бе?

– Жеке адам ретінде негізінен орындалды деуге болады. Халқымызға қызмет етіп жүрміз. Менің атам – Көшербай Аралдың атақты жылқышысы Социалистік Еңбек Ері болған. Әкем бірнеше ауданды басқарып, елге абыройлы қызмет жасады. Сондықтан, Отанға, халыққа қызмет ету жолында Елбасының маған сенім артуы – мен үшін, әрине, үлкен бақыт. Отаныңа еңбек етуден артық бақыт жоқ деп ойлаймын.

– Әкімдердің рейтингі жөнінде бір-екі ауыз айтып өтсеңіз. Сіздің еліміз бойынша әкімдер арасында алғашқы үштіктен, тіпті солардың көшбасында болғаныңызды біз мақтанышпен айтып жүреміз. Ел көңілінен шығып, халықтың сүйіспеншілігіне бөлену оңай шаруа емес. Осы сауалнамаға сіз өзіңіз қалай қарайсыз?

– Халықтың батасы мен елдің ризашылығы мен үшін барлық рейтингтен жоғары.

– Жұлдыз-жорамалға сенесіз бе?

– Ескеремін.

– Торпақ жұлдыз-жорамалындағылар бос уақытының басым бөлігін өзінің сүйікті ісімен айналысуға арнайды екен.

– Сіз қандай әкесіз, қаталсыз ба?

– Талап қойған дұрыс деп ойлаймын.

– Кімді пір тұтасыз?

– Ол енді менің өзімнің жеке құпиям болсын.

– Құпияңыз болып қалсын. Туған күніңізді тойлайсыз ба?

– Әулетіммен тойлаймын.

– Сізді не ренжітуі мүмкін?

– Немқұрайлылық пен масылдық. Біздің қазақтың жауы – масылдық. Содан соң немқұрайлылық көзқарас.

– Шаршағаныңызды қалай басасыз?

– Немерелеріммен бірге болғанда.

– Сіздің жұмыс стиліңіз қандай? Үкісіз бе, әлде бозторғайсыз ба?

– Олай да, бұлай да болуы мүмкін. Жұмыс тәртібім алда тұрған міндеттерге байланысты. Менде кейде демалыс күндері деген тіпті де болмайды. Сондықтан, әр кезде әрқалай.

– Сіз жанкүйерсіз бе?

– Әрине, жас кезімде спортпен, бокспен айналыстым. Сондықтан бокста – Генадий Головкинге, ал футболға келсек, жергілікті «Қайсар» командасына жанкүйермін.

– Бүгін өзіңіз қыруар істің басында жүріп, тікелей эфирде сұхбаттасуға уақыт бөлгеніңізге алғысымызды білдіреміз. Әңгімеңізге рахмет. Өзіңіздің қарбалас жұмыс графигіңізге қарамастан, бүгін көрермендермен тікелей сұхбаттасуға уақыт тапқаныңыз үшін үлкен рахмет айтамыз.

Қадірменді көрермен, облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаевпен сұхбатымыз осымен тәмам. Бүгінгі екі жарым сағатқа созылған тікелей эфир барысында аймақ тұрғындары өздерін толғандырған сұрақтарға толыққанды жауаптар алды деп есептейміз. Эфир соңына дейін маған хабарлап айтып жатыр, Call-орталығына сауал келіп түскен екен. Сіздердің сауалдарыңыз жауапсыз қалмайды, жауап алатын боласыздар.

Сондай-ақ, «Әкім сағаты» бағдарламасын телеарнамыздың ресми сайтынан тамашалай аласыздар.

МӘСЛИХАТ ӨМІРІ

МАҚСАТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТТЕР ҮДЕСІНЕН ТАБЫЛУ

Халық қалаулысы атанудың жауапкершілігі өте жоғары. Осындай маңызды міндеттер үдесінен табылып, елдің талап-тілектерін орындауда жергілікті атқарушы органдармен бірлесе атқарған жұмыс аз емес.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясатын басшылыққа ала отырып, сайлауалды бағдарламамда және сайлаушылардың аманатын бұлжытпай орындауға күш салып келемін. Атап айтқанда, «Нұр Отан» партиясының мүшесі ретінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты бағдарламасы мен осыдан туындайтын 5 институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам» ұлт жоспарының 61-ші қадамында айтылған ет өндірісі мен өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту мақсатында Иран Ислам Республикасында болып, Қазалы ауданында қуаты жылына 5000 тоннаға дейін ет өнімдерін шығаратын комбинат салуға келіссөздер жасадық. Өз кезегінде аталған мемлекеттің кәсіпкерлері ауданымызға келіп, екіжақты меморандумға қол қойылды. Аталған жоба іске қосылса, отандық еттің экспорттық әлеуетін арттыруға және қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндіктер жасалады.

Бұл бағыттағы шаруалар «Сыр Маржаны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арқылы жүзеге асырылатын болады. Бүгінгі таңда Қазалы ауданында серіктестікке қарайтын 3000 басқа арналған мүйізді ірі қара малын бордақылау алаңы жұмыс істеп тұр. Кешенде жергілікті тұрғындардан шыққан 16 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, мал шаруашылығы өрге басуда.

Өткен жылы құрылыс саласында көптен шешімін таппай келген мәселелерді қаржыландыруға ықпал жасалды. Апаттық жағдайдағы 5 мектеп пен Әйтеке би кентіндегі аудандық аурухана құрылысы басталды.

Жалантөс ауылының 2 көшесін орташа жөндеу жұмыстарына 22 млн теңге қаралса, облыстық бюджеттен 90 орындық балабақша құрылысын салуға 264 млн теңге бөлініп, бұл күндері бүлдіршіндер ордасы пайдаланылуға берілді. Ал, 150 орындық ауыл клубының құрылысына 203,4 млн теңге қаралып, үстіміздегі жылы іске қосылатын болады.

«Әйтеке би – Басықара – Водокачка» (9 шақырым) автомобиль жолын күрделі жөндеу жобасының жоба-сметалық құжаты әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізуге 5,9 млн теңге бөлінді. Сарыбұлақ ауылдық округіндегі «Сарыбұлақ» каналының су тоспасын салуға және 3 шақырымдық каналын қазуға 2016 жылы облыстық бюджеттен қаралған 75,3 млн теңге игеріліп, «Сыр Маржаны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі күшімен жүзеге асырылып, мал шаруашылығы өрге басуда.

Сонымен қатар сайлауалды бағдарламамда көрсетілгендей, аудан көлеміндегі 527 гектар жер учаскелерінде салынатын тұрғын үйлерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету нысандарының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан өткізуге бюджеттен 97,0 млн теңге қаржы бөлгізуге атсалыстық.

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында жас ұрпақты отан сүйгіштік рухта тәрбиелеу мақсатында мазмұнды шаралар ұйымдастырылды. Бегім ана мен 440 жыл толған Жалантөс баһадүрдің мавзолейі, биіктігі 25 метрді құрайтын «Тәуелсіздік монументі» ашылды. Бұл жұмыстарды атқаруға облыстық бюджеттен 468,7 млн теңге бөлінген болатын.

Сервистік қызмет көрсету кешендерін дамыту мақсатында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің Қазалы ауданындағы «Ойынды» бекетінің тұсынан жобалық-сметалық құны 602,0 млн теңге құрайтын «В» санатты жол бойында қызмет көрсету кешенінің құрылысы жүргізілуде. «Сыр Маржаны» ЖШС күшімен салынып отырған нысанды үстіміздегі жылдың маусым айының соңында іске қосу көзделіп отыр. Ол іске қосылса, 20-ға жуық азаматтар тұрақты жұмыспен қамтылатын болады.

Кәсіпкерлікті дамыту да уақыт талабына айналып отыр. Осыған байланысты қосымша жұмыс орындарын ашу мен салық базасын ұлғайту мәселелері облыстық мәслихат депутаты және аудандық кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы ретінде басты назарымнан шыққан емес.

Бұл жөнінде айтатын болсақ, «Жұмыспен қамту-2020» жол картасы бағдарламасы аясында аудан бойынша шағын кәсіпкерлікпен айналысам деген 84 адамға 23 698,0 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие алуға көмек көрсетілді. Кәсіпкерлік негізінде оқуға 2017 жылы 221 адам жоспарланған, қазіргі таңда 40 адам оқуын аяқтады. «Атамекен» ҰКП аудандық филиалында былтырғы мен биылғы жылдың төрт айында кеңес алушылар саны 1623 адамға жетті.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өндірген өнімі мен көрсеткен қызметі 2017 жылдың 1 тоқсанында 739,4 млн теңгені құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 101,4 пайызды көрсетеді. Субъекті саны 4277 бірлікке жетіп, осы салада 8847 адам жұмыс жасайды.

Халыққа қайырымдылық пен демеушілік көрсету мәселелері де күн тәртібінен түскен емес. Осы ретте «Сыр Маржаны» ЖШС күшімен Ақтан батыр ауылында бір мезгілде 100 намазхан сиятын мешіт, Шәкен ауылында 100 орындық клуб салынды. Әйтеке би кентінде соғыс және еңбек ардагерлері аудандық қоғамдық бірлестігінің үйі салынып, аталған үйімға берілді. Алдағы уақытта мұндай жұмыстар легі жалғасын таба беретін болады.

Қазақстан Республикасы «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, депутаттар өзінің депутаттық қызметі туралы сайлаушылар алдында жылына кемінде 1 рет есеп беруге міндетті. Осыған орай депутаттыққа сайланғалы бері сайлаушылармен кездесіп, 2 рет есеп бердім. Сонымен бірге «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалы саяси кеңесі бюросында бекітілген азаматтарды қабылдау кестесіне сай партияның аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмелерінде және сайлау округтерінде 3 мәрте қабылдау өткізілді. Есеп беру жиындары мен қабылдау барысында сайлаушылардың тарапынан аймақтың экономикалық және әлеуметтік дамуына және жеке мәселелерге байланысты сұрақтар мен ұсыныстар түсті. Олардың бірқатар талап-тілегі орындалып, бақылауға алынды.

Депутат – халық қызметшісі. Сондықтан да біз ел игілігі жолындағы жарқын істерімізді әлі де жандандыра беретін боламыз.

Мінәжадин ӨТЕЕВ,
№4 «Сұлутам» сайлау округінен облыстық мәслихат депутаты.
Қазалы ауданы.

«БАЙЛЫҚҚА БАСТАЙТЫН ҒАЖАЙЫПТАН» САҚТАНЫҢЫЗ

Қазақстандық азаматтардың миллиондарын жинап, «жылдам әрі ешнәрсе істемей-ақ байып кету» үлгісін ұсынатын қаржы пирамидалары туралы аңыздың фактілері біздің облыста да орын алғаны анықталуда.

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Экономикалық тергеу қызметімен жүргізілген жедел іздестіру шаралары негізінде испандық «Questra Holdings» компаниясының қызметін анықтау мүмкін болды.

Азаматтармен есеп шотына 90 евродан басталатын кез-келген көлемдегі ақша салымын салып, айына 20 пайыздық үстемеақы алу арқылы бір жылда екі есе пайда табуға болатыны туралы шартқа отырып, азаматтардың қаржысын тартумен айналысатын тұлғалар анықталды.

Қаржы пирамидасының белгілерімен жұмыс жасап жатқан осы ұйымға жедел-іздестіру шаралары жүргізілді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 217-бабы 2-бөлігі 1-тармағымен сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне №174300121000115 тіркелген қылмыстық іс Қызылорда облыстық Ішкі істер департаментіне жолданды.

«Қаржы пирамидасы» деген жүйе белгілі бір активтерге адамдардың қаражатын (инвестиция) салу арқылы емес, оны ақшалай жинап алу арқылы жүргізіледі. Сондықтан, пирамиданың алдыңғы бөлігі ақшаның мол үлесіне ие болады да, соңғылары өз қаражатын да қайтара алмай қалады. Мұндай компаниялар түбінде банкротқа ұшырайды, себебі ақшаның толықтай қайтарымы мүмкін емес.

Қазақстанда 2014 жылы «Қазақстан Республикасындағы қаржы пирамидаларының қызметіне қарсы әрекет ету мәселелері бойынша жекелеген заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданған. Содан бері бұл компаниялардың барлығының әрекеті заңсыз. Мұндай ұйымдарды құру және басқару әрекеттері, ҚР ҚК 217-бабына сәйкес, ірі көлемде айыппұлға (1000-нан 3000-ға дейін АЕК) әкеп соғады, тіпті 3 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылу және мүлкін тәркілеу жазасы қолданылады.

Қаржы пирамидасының қызметін жарнамалауға да тыйым салынған. Бұл үшін, ҚР ӘҚБтК-тің 150-бабы қарастырған 150-ден 600-ге дейінгі АЕК мөлшерінде айыппұлға тартылуға болады. Осындай пирамидалардың басшылары мен белсенді қатысушыларының әрекеті «алаяқтық» болып танылады (ҚР ҚК 190 бабы).

Егер Сіз осыған ұқсас ұйымдардан ұсыныс алсаңыз – ең алдымен, олардың лицензиясын сұраңыз. Депозиттер қабылдау қызметін жүзеге асыруға құзырлы органның лицензиясы болмаса – бұл ұйымның қызметі заңсыз.

Ал енді пирамидалардың әрекетіне арбалып қалсаңыз – полицияға немесе мемлекеттік кірістер органдарына жүгініңіз.

И.ҚҰРАҚБАЕВ,
Қызылорда облысы бойынша МКД Қаржы саласындағы құқық бұзушылықтарды тергеу басқармасының басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Кәсіпкерлер үшін сервистік қолдау» компоненті бойынша төмендегі қызмет түрлері көрсетілетіндігін хабарлайды.

Ұсынылатын қызмет түрлері:

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. Кеден рәсімдері бойынша қызметтер;
3. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемелдеу;
4. Заң қызметтері;
5. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер;
6. Ақпараттық технологиялардың қызмет көрсетуі саласында кеңес беру қызметтері;
7. Мемлекеттік сатып алулар, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын қолданушылардың сатып алулары бойынша қызметтер;
8. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы қызметтер.

ҚЫЗМЕТТЕР АҚЫСЫЗ ТҮРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ

Жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерін Қызылорда қаласы, Әйтеке би, 28 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасынан алуға болады.

Облыс аудандарындағы Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының филиалындағы Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарында қызмет түрлері кәсіпкерлер өтініші бойынша көрсетіледі.

Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен-жайлары:

Арал ауданы – Арал қ., Бақтыбай батыр к-сі, 46 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қазалы ауданы – 1. Әйтеке би кенті – Әйтеке би к-сі, 9 «а» үй, тел.: 8/72438/79243; 2. Қазалы қ., Жалантөс баһадүр к-сі, 23 үй, тел.: 8/72438/79243;

Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Е.Көшербаев к-сі, 36 үй, тел.: 8/72437/79120;

Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Сәрке батыр к-сі, 7 үй, тел.: 8/72431/79199;

Сырдария ауданы – Тереңөзек кенті, Қонаев к-сі, 12 үй, тел.: 8/72436/79179;

Шиелі ауданы – Шиелі кенті, Рысқұлов к-сі, 5 үй, тел.: 8/72432/79255;

Жаңақорған ауданы – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, 134 «а» үй, тел.: 8/72435/79120.

Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02.
Call-Center - 597960.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: ***70-00-49, 70-00-52*** *телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail:* ***smjarnama@mail.ru***

ЖАСТАР КЕРУЕНІ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Өткен аптада Сырдың жас өнерпаздарынан құралған жастар керуені жолға шықты. «Экспо-2017» көрмесін насихаттау мақсатында шыққан керуен 26 мамыр мен 3 маусым аралығында жеті ауданды аралайды. Керуенді салтанатты шығарып салу рәсімі орталық алаңдағы «Еңбек аллеясында» өтті.

Шарға облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Еркебұлан Меңлібаев қатысып, жастарға ақжолтай тілегін жеткізді.

Аталған шара барысында барлық аудандарда облысқа танымал талантты жас өнерпаздар, жайдарманшылар өз өнерлерін ұсынып, ЭКСПО еріктілері промо-акциялар, сайыстар ұйымдастырады. Сайыс нәтижесінде жеңіске жеткен аудан тұрғындарына «Экспо-2017» көрмесіне бір реттік билеттер және естелік сыйлықтар табысталады.

Шынар БЕКБАН.

2016 жылды табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау барысы туралы/ инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы табиғи монополия субъектісінің ақпараты

Шаруашылық жүргізу құқығындағы "ҚЫЗЫЛОРДА СУ ЖҮЙЕСІ" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны *(ҚР Әділет министрлігінен Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі, тіркеу №5936-1933-МК, БСН 040740003730 2011 жылдың 30 наурызында берілген),*

Қызылорда қаласын ауыз сумен қамтамасыз ету және кәріз суларын әкету, тазарту

Табиғи монополия субъектісінің атауы, қызмет түрі

№ р/с	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) жоспарлы және нақты ұсыну көлемдері туралы ақпарат						Пайдалар мен залалдар туралы есеп*	Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) соммасы				Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				Инвестиялық бағдарламаны (жобаны) орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада (жобада) бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат **								Бекітілген инвестициялық бағдарламадағы (жобадағы) көрсеткіштерден нақты қол жеткізілген көрсеткіштердің ауытқу себептерінің түсіндірмесі	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасы мен сенімділігінің артуын бағалау
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс шаралардың атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіштердегі саны		Инвестициялық бағдарлама (жоба) шеңберінде көрсетілетін қызметті ұсыну кезеңі		жоспар	нақты	ауытқу	ауытқу себептері	Өз қаражаты: Амортизация	Өз қаражаты: Пайда	Қарыз қаражаты	Бюджет қаражаты	Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) қарай іске асыру жылдары бойынша өндірістік көрсеткіштердің жақсаруы, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) қарай іске нақты асыру жылдары бойынша негізгі қорлар тозуының төмендеуі, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) қарай іске асыру жылдары бойынша ысыраптардың төмендеуі, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) қарай іске асыру жылдары бойынша авариялардың төмендеуі, %			
				жоспар	нақты											Өткен жылғы нақты көрсеткіш	Ағымдағы жылғы нақты көрсеткіш	Өткен жылғы нақты көрсеткіш	Ағымдағы жылғы нақты көрсеткіш	Өткен жылғы нақты көрсеткіш	Ағымдағы жылғы нақты көрсеткіш	Өткен жылғы нақты көрсеткіш	Ағымдағы жылғы нақты көрсеткіш		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
	ауыз сумен қамту	**мың.м3**	**10936,17**	**9797,93**	**2016ж.**																				
	ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК мен ҚР Үкіметі және ЕҚЖДБанкі арасындағы № 45725 несие келісім шарты бойынша																								
1	**Қондырғыларды жеткізу: Лот № 1** -Лабораториялық қондырғыларды жеткізу 1. Анализатор БПК 2. Спектрофотомер флуоресцентный 3.Автоклав модифицированный 4.Печь муфельная 5.Центрифуга 6.Лабораториялық таразылар				2016ж.			27024,12	27024,12	-						0	алынған арнайы техникалардан негізгі әсері - өзге де қызметтер бойынша, яғни ауыз су мен кәріз су жүйелерінің құрылысы бойынша тендерге қатысу. Зертханалық құрылғыларды алу сынамаларды жүргізу уақытын қысқартады, су шығынын есептегіш құралын алу арқылы су ысырабын азайту, канал шайғыш машинасын алу арқылы кәріз су жүйесіндегі ақау санын азайту.	0	-	0	-	0	-		
2	**Лот № 2** -Жөндеу жұмыстарына қондырғылар мен арнайы техникалар: 1. Полиэтиленді құбырларды дәнекерлеуге арналған қондырғы 2.Жоғары қысымға арналған компрессор 3. Гидравликалық майлы станция, құралдар жиынтығымен 4.Су есептегіш құралдарын тексеруге арналған құрылғы 5. КАМАЗ КО-564 автокөлік үлгісіндегі гидродинамикалық каналшайғыш автокөлік 6. Экскаватор-погрузчик 7. Каналшайғыш автокөлік 8. Автокран				2016ж.			24159,38	440159,514	+198590.13						0		0	-	0	-	0	-		
3	**Лот № 3** - Су шығынын есептегіш қондырғылар: 1. коллекторларды ТВ инспекциямен бақылау және Panametrics PT-878 на базе а/м Ford Transit портативті есептегіш құралдарымен су шығынын есептегіш құралдарымен қамтылған жылжымалы лабораториялық қондырғыларын алу				2016ж.			81406,5	78164,64	-3241,86						0		0	-	0	-	0	-		
	Жыны:							**350 000,00**	**545 348,27**																
	ЖАЛПЫ:							**350 000,00**	**545 348,27**																

ІЗДЕУ САЛАДЫ

Байқоңыр қаласы, Ақай кенті, Жұмабаев көшесі №24 үйдің тұрғыны, 11.03.1977 жылы туылған Маханов Нурбек Қобландұлын 2013 жылдың 15 қарашасынан бастап із-түссіз жоғалуына байланысты көрген-білген кісілер болса, Қызылорда қаласы, Есқараев көшесі №69 үй тұрғыны Орынбаева Сандуғаш Алтынбекқызына хабарласуын сұрайды. Тел.: 8 702 394 07 63.

Қызылорда облыстық кеңес беру диагностикалық орталығының ұжымы орталық қызметкерлері Жұмағұлов Қайрат Файзрахманұлына және Төлегенова Айгүл Әнуарқызына аналары

Пердегүл Мақашқызының

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы қаржының басқарылуына мемлекеттік аудит жүргізу бөлімінің бас инспекторы-мемлекеттік аудитор Абуов Қайрат Нартайұлына інісі

Абуов Бағдат Нартайұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы университеттің дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі Есіркепов Жандосқа әкесі

Есіркепұлы Мергенбайдың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы
БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17
Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпнұсқалық көзқарасын білдіреді. *"АҚ"-ақпы қызмет.
Жарнаманың шынайылығына редакция жауап бермейді.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 8(7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А"
Таралымы 29283
Тапсырыс № 644